

ГЛОССАРИЙ

АТЫЛАТЫН ҚАРУ(Огнестрельное оружие) – оқ-дәріден шыққан гадың күшімен оқ ататын қару. Криминалистикада мұндай объектілерді және оқ атуға байланысты басқа да құбылыстарды зерттейтін ілімді сот баллистикасы дейді. Оқ ататын қарудың негізгі зерттелетін бөлшектері: оқпан заттар/ мылтықтың оқты бекітуші тетігі/, оқты салатын арна/патронник/, гильзаны шағылыдратын тетік/ отражатель/, гильзаның ырғытқышы/ выбрасыватель/. Патронның бөлшектері: оқ, бытыра. Оқ-дәрі/ түтінсіз және түтінді/, гильзаның тығыны/пыж/, капсюль. Осы объектілерді және оқтың тиген жерін зерттеу арқылы ату құралын пайдаланып жасалған қылмыстың көп мән-жағдайларын анықтап шешіге болады.

АУДАРЫЛЫП-ТӨҢКЕРІЛУ(Опрокидывание) – көлікті жүргізуді дұрыс меңгермендіктен, жол жағдайларының қолайсыздығынан, көліктің техникалық кемістігінен және басқа да себептермен көліктер /автомашинаның төңкеріліп-аударылуына байланысты болатын жол-көлік оқиғасының бір түрі.

АУЫЗША ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ БЕКІТУ ТҮРІ(Вербальная форма фиксации доказательств) – жағдайға байланысты іске қатысы бар мән-жайларды, ауызша хабарды, /өтінішті, көрсетпені/ дәлелдемелерді бекітудің мейлінше кең тараған түрі. А.д.б.т. қолданудың техникалық әдісі хаттамаға және дыбыс таспасына жазу болып табылады. Хаттамаға жазу кезінде оргтехникалық, стенографиялық, машинкамен, компьютермен жазу, диктофон құралдары қолданылу мүмкін.

АДАМНЫҢ ЕРЕКШЕ КӨЗГЕ ТҮСЕТІН СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ(Броские приметы внешности человека) – адамның бірден көзге түсетін және сирек кездесетін сыртқы келбетінің белгілері. Оларды дене мүшесінің ашық жерлерінен байқауға болады. Іздеуде жүрген қылмыскерлер жөнінде жедел-ізвестіру органдарының тергеу ісі бойынша дұрыс бағыт-бағдар алуы үшін қажет.

АДАМНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ БЕЛГІЛЕРІ(Функциональные признаки человека). А.ф.б-не дене сымбаты, жүрісі, мимикасы, жестикуляциясы/ аяқ-қолын сермеп сөйлеуі/ дауысы, сөйлеу мәнері, әдет-дағдысы жатады.

АЙЫПТАУ(Обвинение) – 1. Заң жүзінде өкілдігі бар лауазымды адамның не арнаулы органның жауапқа шарты, адамның айыпты екенін дәлелдеу жұмысы. Мемлекеттік айыптауды сот алдында прокурор қолдайды, қоғам айыптауды мекеме не ұжым атынан қоғамдық айыптаушы, жеке айыптау істері бойынша жәбірленуші не оның өкілі қолдайды; 2. айыптау қорытындыдағы, айып жариялау қаулысындағы, сотқа беру қаулысындағы, сотқа беру қаулысындағы /ұйғарымдағы/, үкімдегі көрсетілген айыптау тезисінің мазмұны.

АЙЫПКЕР(Обвиняемый) – қылмыс істеді деп айып тағылған адам. Сотқа берілген кезде сотталушы, үкім шыққаннан кейін сотталған адам деп аталады. Қылмыс жүргізу заңы бойынша айыпкердің одан өзін қорғауға жетерлік құқығы бар.

АТУДЫҢ ҚОСЫМША ІЗДЕРІ(Дополнительные следы выстрела) – криминалистік баллистика объектілеріне жатады. Бетпе-бет және жақын қашықтықтан ату бірнеше метрден ату кезінде орын алады. Қосымша іздерге қарудың оқпанынан шығатын оқтар, күйенің, жанбаған оқ-дәрі бөлшектері, порох газдары, оқпан кесіндісінің штанцмарка ізі, алғашқы кезінде майлаудың бөлшектері жатады.

АҢЫЗҒА ЖОЛ БЕРУ(Допущение легенды) – сезіктіден, айыпталушыдан жауап алу кезінде ұсынылатын тактикалық әдіс.

АДАМ БЕЙНЕСІНІҢ МЕНШІКТІК БЕЛГІЛЕРІ(Собственные признаки внешности человека) – бұл адамның ажырамас белгілері. Меншіктік белгілер келесі топтарға: жалпыфизикалық, демографиялық, анатомиялық және функционалды болып бөлінеді. Барлық осы белгілердің жиынтығы келесі ғылыми негіздерге ие. Белгілер жеке және салыстырмалы тұрақты. Бейне белгілерінің ішінде анатомиялық және функционалды белгілер идентификациялық маңызға ие. Криминалистикада барлық белгілер жүйеленген

және сипатталған. «Ауызша суреттеу» деп аталатын топтастыру жасырылған қылмыскердің тұлғасын және танылмаған өліктерді идентификациялау кезінде қолданады.

АДАМНЫҢ АЯҚ КИІМІ ІЗДЕРІНІҢ ЖОЛЫ(Дорожка следов обуви человека) – адам жүрісі іздерінің тізбекті бейнелеуі. Іздер жолы анықталғанда оң және сол аяқтың іздерінің ұзындығы, қадамның ені, оң және сол аяқтың табандарының бұрылыс бұрыштары өлшенеді. Іздерінің жолы бойынша қылмыскер жайында бірқатар мән-жайларды: жынысын, жасын, қозғалыс бағытын, функционалды ерекшеліктерін және т.б. білуге болады.

АТЫС(Выстрел) – снаряд немесе оқты белгілі бір қашықтыққа лақтыратын мылтықтың үңгісінің ішіндегі зарядтардың жарылысы.

АТЫЛУ МЕРЗІМІ(Давность выстрела) – табылған ату қаруын зерттеумен соңғы атылыс болған уақыт аралығы.

АТЫС ҚАРУЫНЫҢ КАЛИБРІ(Калибр огнестрельного оружия) – ату қару үңгісінің және оқтың диаметрі. Үңгісінде кесіндісі бар ату қаруларының калибрлі кесінділерінің қарама-қарсы беттерінің ара-қашықтығы арқылы анықтайды, ал тегіс ұңғылы ату қаруларында ұңғының ішкі диаметрін айтады (А.қ.к. мм-мен, ал АҚШ, Ұлыбританияда дюйм мен өлшенеді).

АТУ АРАЛЫҒЫ(Дистанция выстрела) – оқ атылатын қарудың ұңғысының аузынан зақымдалған объектіге дейінгі ара қашықтық. Жақын қашықтықтан атқанда 0,01 м дейінгі дәлдікпен анықталуы мүмкін, алыстан – 5-10 м-ге дейін.

АТЫС ҚАРУЫНЫҢ АТУ ШОҒЫРЛЫҒЫ(Кучность боя стрелкового оружия) – баллистикада оқтың, батыраның атыс барысында ыдырауының шамасының көрсеткіші. Нақты ату қаруларының түрін, жүйесін, моделін анықтау үшін қажет. Оқтың сапасына және атыс қаруының ұңғысы арнасының конструкциялық ерекшеліктеріне және жағдайына байланысты.

АЗ ЖАТЫҚҚАН ЖАЗУ(Маловыработанный почерк) – үйлестірілмеген қимылмен баяу шапшаңдықпен, шамалы тұрақсыздықпен сипатталатын қалыптаспаған жазу.

АВТОРТАНУ САРАПТАМАСЫ(Автороведческая экспертиза) – мәтіннің авторын анықтау үшін құжаттарды криминалистік зерттеудің түрі. А.с. кезінде зерттеу объектілеріне жазбаша сөйлемдер, сондай-ақ ондағы көрінетін тілдік дағдылар жатады. Тілдік дағдылар жалпы және жеке белгілер болып екіге бөлінеді.

АРНАУЛЫ БІЛІМ(Специальные знания) – адамның кәсіби оқудың не белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеудің нәтижесінде алған, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешуде пайдаланылатын, қылмыстық сот ісін жүргізудегі жалпы жұртқа белгілі емес білімі.

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ІЗДЕСТІРУ ЖҮЙЕСІ(Автоматизированная информационная поисковая система) – криминалистикада және өндіріс тәжірибесінде компьютерлік технологияны қолдану /енгізу/ мүмкіндігі-тергеу процесіндегі басқару мәселелерін шешуде төмендегідей әр түрлі жүйе қолданылады:

- тергеуші топ құрамының есебін, тергеудегі істің қысқаруы мен тоқтау мерзімін және т.б. бақылау /тексеру/ жүйесі;

- сотталған, хабар-ошарсыз кеткен адамдар, танылмаған мәйіттер, қылмыс жасау әдіс-тәсідері, қылмысты жасауда қолданылатын қару-жарық және т.б. қылмыстың ізі жайында информациялық /ақпараттық/ мәліметтер алу жүйесі;

Құқық қорғау органдары жұмыстарының мүлтіксіз орындалуы үшін А.и.і.ж. белсенді түрде жетілдіру қажет.

АТИПТІК ТЕРГЕУ ЖАҒДАЙЫ(Атипичная следственная ситуация) – нақты тергеу жағдайынан көрініс табады. Атиптік жағдайға – оқиға боған жерден, айналадағы ортадан табылған, қылмыскерден алынған құралдар мен т.б. қылмыстың типтік емес белгілерінің болуы тән.

АГГРАВАЦИЯ(лат.aggravatio – отягощение) - өзінде бар аурудың дәреже белгілерін асыра айту. Қасақана немесе абайсыздан болуы мүмкін.

АТИПТИК АТЫС ҚАРУЫ(Атипичное огнестрельное оружие) – белгілі бір ережеден, нормадан ауытқу. Тапанша, револьвер, мылтық, автомат, винтовка қару түрлерінің функционалды белгілерін анықтайтын негізгі бөлігі (оқпан, соқпалы-шаппа механизмі, патронник, магазиннің және т.б.) стандартқа сай келмеуі. Тергеу тәжірибесінде – автокалам, қолшатыр, консервілік банкі түріндегі және т.б. атиптік қару-жарақтар кездеседі.

АССОЦИАЦИЯ - өтіп кеткен мән-жайларды еске түсіру және сақтау құбылыстарының бірі. Жауап алу тиімділігі үшін тергеуші міндетті түрде адамның есте сақтау қабілетінің қалыптасу сипатын анықтап білуі қажет. Кейбір тактикалық әдістер әртүрлі ассоциациялық байланыстарды /уақыт, кеңестік, контраст бойынша және т.б./ пайдалану негізінде құрылады.

АНТРОПОМЕТРИЯ – қылмыскерлерді криминалистік /қылмыстық/ тіркеуге алу жүйесі. Тіркеуге алынатын адамның белгілі бір дене мүшелерін өлшеу нәтижесі арқылы тіркеу картасына енгізу. А-ны – қолданудағы ұқсас әрекеттер 1863 жылдан кейін Ресейде жүргізілді. А. негізін қалаушы Бельгия статисті А.Кетле: «Дене мүшелерінің көлемі бір-біріне сәйкес келетін екі /бірдей, ұқсас/ адам жоқ және нақты белгілі бір жаста адам сүйегінің ұзындығы өзгермейді» - деп санады. Париж полициясының шенеунігі /чиновнигі/ А.Бертильон антропометриялық тіркеу жүйесінде толық зерттеу жұмысын 1879ж. жүргізді. Ол – статист Кетленің антропометриялық негізіне сүйене отырып, адам денесін өлшеудің 11 түрін жүргізуді көрсетіп /бойының, отырған кездегі денесінің ұзындығына, бойының ені мен көлеміне, құлағының, қолының, саусағының, табанының ұзындығына және кеудесінің көлеміне және т.б. байланысты/, өлшеу нәтижесін арнайы тіркеу карточкасына енгізуді ұсынды. Бұл өлшеу қорытындысының жиынтығы адамды идентификациялау құралы қызметін атқарды. Бертильон 1881ж. өз жүйесін «Антропометрияны тәжірибеде қолдану» - деген кітапшасында ашып көрсетті. 1882ж. антропометрия париж полиция префектурасында сынақ, тәжірибе жүзінде жүргізілді.

АВТОНИМ(грек Autos - өзім және опума – есім) – автордың жалған аты. А-ді анықтау, құжаттарға автороведтік экспертиза жүргізу негізінде шешіледі.

АЛИБИ(лат. Alibi – басқа жерде) – қылмыс жасалған мезгілде, ауқытта айыпкер немесе сезіктінің оқиға болған жерден басқа жерде болғандығын көрсететін мәлімет /факт/. Белгілі уақытта, белгілі жерде қылмысты тергеу кезінде орындаушының қатысуын ұйғарып, алиби дәлелдеуге жатады. /мыс., ұрлық, кісі өлтіру, тонау және т.б. қылмыстар/.

АДАМНЫҢ АНАТОМИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ(Анатомические признаки человека) – криминалистік техника бөліміндегі криминалистік габитоскопияның элементтерінің бірі. Адамды идентификациялауға, хабар-ошарсыз кеткен адамды және қылмыстыққудалаудан бой тасалап жүрген қылмыскерлерді іздестіруде анатомиялық белгілері қолданады. Бейнелеуде қолданылатын элементтер кезектілігі: бойы, дене бітімі, басы, шашы, бет-әлпеті толығымен, шекесі және т.б. сипатталады. Бұл элементтердің әрқайсысы геометриялық көзқараспен – пішіні, көлемі/мөлшері/, күй-жайы, түсі және ерекшелігі бойынша сипатталады.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР(Методические рекомендации) – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүйесі сот сараптамасы мекемелерінің ұйымдастырушылық, сарапшылық, ғылыми және өзге де қызметтері мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми конференциялар шешімдерінің, ғылыми-практикалық семинарлардың, әдістемелік кеңестердің, қызметтік мәжілістердің нәтижелерін жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстары.

ӘҢГІМЕ, КЕҢЕС(Беседа) – ауызша кеңесу жолымен қажетті мәліметті алу әдісі. әңгіме, жауап алу тактикасында ұсынылатын кеңінен тараған тактикалық әдіс. Сондай-ақ, айыпкердің жеке басын анықтауда қолданылатын әдістердің бірі.

БАСПА ФОРМАСЫ(Печатная форма) – полиграфиялық өнімдерді дайындау мақсатында қолданылады. полиграфиялық баспаның әдіс-тәсілдеріне (жоғары, тегіс, терең баспа түрлеріне) байланысты, баспаның түрлері әр түрлі болады.

БЕЛГІ(признак) – зат және оның өзіндік қасиетімен тығыз байланысты объектінің өзіндегі бар нақты көрініс. Белгі түрлері әр түрлі болады.

БЕЙНЕЛЕУ(Описание) – жалпы ғылыми зерттеу тәсілдерінің бірі. Бұл тәсіл арқылы объектінің белгілері көрсетіліп сипатталады. Б. үстінде бір жағдайда объектінің елеулі де, елеусіз де, атап айтқанда барлық белгілері сипатталады да, ал екінші жағдайда – зерттеуге тек маңызы бар белгілер көрсетіледі. Б. жүйеге келтірілген, не жартылай жүйеге келтірілген әдіс. Кейде объектілер қалай болса, солай, белгілі бір жүйесіз еркін бейнеленеді. Б. заттарды, құбылыстарды бекіту, сипаттау әдісі ретінде пайдаланады.

БҰЗУ ҚҰРАЛДАРЫ(Орудие взлома) – қылмыс жасауда қару есебінде қолданылатын нәрселер, не заттар қарулар әр түрлі негіздер бойынша классификациялық топтарға бөлінеді: қылмыстың түрі бойынша /адам өлтіру құралы, бұзу құралы, өрт салу құралы/, белгілі бір функционалдық міндетті атқаруы бойынша /неге арналған/, қылмыс жасауға арналған, күнделікті тұрмыста пайдаланылатын /тамақ, азық турауға арналған пышақ/, өндірісте және басқа да салаларда ашық қолданылатын қару-сайман.

БҮТІНДІ БӨЛШЕКТЕР БОЙЫНША СӘЙКЕСТЕНДІРУ(Идентификация целого по частям) – криминалистік сәйкестендірудің бір түрі.

БҰЗУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ІЗДЕРІ(Следы взлома) – құралдың қарсы тұрған жермен өзара әрекет ету нәтижесінде пайда болатын іздер. Бұзу іздерін отгиск іздер, сырғанау іздері, кесі(шабу, бөлу) деп бөледі. Б.к.і. криминалистік маңызға ие. Олар бойынша қылмыс жасау тәсілін, қару түрін, тобын анықтауға, бұзушы тұлғаның ерекшеліктері туралы қорытындылар жасауға, алынған бұзу құралын идентификациялауға болады.

БҰЗУ(Взлом) – тонау, ұрлық жасау мақсатымен бөлмеге, қоймаға еніп кіру тәсілі. Б. қруына – бұзуға қолданылатын әр түрлі қатты заттар (лом, труба, балта және басқа) бұзудың қарулары есебінде сиқырлық, ұсталық, темір-терсектер (жіңішке темір талшықтар, трубалардың түрлері, арматура) жатады. өзгеше түрлеріне әдейі қолмен жасалған құрал-жабдықтар жатады (мыс., «Гусиная лапа», «Рак», «Фомко») және де темір кесетін апараттар жатады. Трасологияда бұзу іздерінің мағынасы өте зор. Түрлі бөгет болатын (есік, терезе, шкаф) заттардың көбінесе жабылатын бөліктері, құлыптың құлақтары жұлынып немесе арамен кесіліп бұзылады. Б. қаруының ізімен құлыптың, тосқауылдың қалай, қандай жағдайда, қай жағынан, сыртынан немесе, ішінен, бұзушының күшін, кәсіптілігін, бойын, дене-пішімін, және қирату кезінде қандай зақым алуы мүмкіндігін анықтауға болады. Қирату кезіндегі бояулар дақтары, жұқпалары бөтенде қалғандығын анықтап бұзудың іздерімен бұзу құралдарын идентификациялауға болады.

БЕЛГІНІҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫ(Вариационность признака) – объектіде бір мағына беретін бірнеше сапалы белгілерінің бар болуы (мысалы, аяқ ізінен – аяқ киімнің өкшесінің қажалғанын білдіретін белгілер, әр түрлі жағдайда – жүгіргенде, тұрғанда, отырғанда пайда болған іздердегі өзгерістерді ажратуға болады).

БЫТЫРА(Дробь) – аңшылардың тегіс ұңғысы қаруы патронының неше түрлі диаметрлі (нөмірлі) қорғасын кішкене шаралардан жасалаған снарядтардың элементі. Диаметрі 5,25-тен 10 мм-ге дейінгі бытыралар ірі бытыра (картечь) деп аталады.

БАЛЛИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА(Баллистическая экспертиза) – атыс қаруын қолдануға байланысты фактілерді анықтайтын криминалистикалық сараптаманың түрі. Б.с. барысында: қару мен оқ-дәрілердің топтық қатыстылықтарын анықтау; қаруды, оқ-дәрілерді және құрал-саймандарды ұқсастыру (атылған оқтары, гильзалары бойынша); атылыс жағдаяттарын анықтау(орны, жүйелілігі, ара қашықтығы, тәсілдері мен техникалық жағдайлары); қарудың жасырын таңбаларды (белгілерді) анықтау; белгілі бір жағдайлар кезінде атылудың болу мүмкіндіктерін, сол атылыс фактісін және олардың санын, атылыс уақытына анықтау жүргізіледі. Сот баллистикалық сарапшылар суық қаруды да зерттейді.

БАЛЛИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА(Баллистическая экспертиза) – оқ ататын қаруды қолдануға байланысты мән-жайларды анықтайтын криминастикалық сараптаманың түрі. Б.с. барысында:оқ-дәрілер мен қарудың топтық тиістілігі анықталады: атылатын оқтар, гильзалар арқылы ататын қаруды идентификациялау жүргізіледі; болған атыстың орны, қашықтығы, техникалық шарттары, уақыты, оның саны, белгілі жағдайларда атыстың болу мүмкіндіктері анықталады.

БАСТАПҚЫ САРАПТАМА(Первичная экспертиза) – тергеушінің (соттың) өзіне керекті сұрақты шешу үшін іс бойынша алғашқы жүргізілген сараптаманың тегі, түрі, түр тармағы.

БІР ТОПҚА ЖАТТАНДЫҚ(Групповая принадлежность) – барлық затқа тиісті объектіні теорияда және тәжірибеде бір топқа жатқызу. Топтық көлеміне байланысты бір топқа, бір текке/түрге/ жатқызу.

БАҒДАРЛАП ТҮСІРУ(Ориентирующая фотосъемка) – оқиғаның нақты қай жерде болғанын бағдарлап білу мақсатында қолданылатын әдіс. О.б.ж. айналамен қамтып қоса түсіру. Оқиға болған жердегі жылжымайтын объект қамтылып түсіріледі. Мыс: екі машина соғысып қалса, оның жанындағы тұрақты объект оқиғаға еш қатысы жоқ болса да, оқиғаның қай жерде болғанын бағдарлап білу үшін қосып түсіріледі.

БАҚЫЛАУ(Наблюдение) – бір затты арнайы қадағалап қарап, оны зерттеп, қабылдап танысу әдісі. Мақсатты және ұйымдасқан түрде жеке заттарды тексере отырып, зерттеуші-криминалист осы заттың ерекшеліктерін, белгілерін қабылдап, олардың өзара байланысын табады. Б. криминастикада жеке затты, не болған оқиға мен құбылысты зерттеп тауып, оларды қабылдап түсіну үшін жүргізіледі. Б. жай және күрделі бақылау деп екі түрге бөлінеді. Жай бақылауда зерттеуші объектіні ешқандай техникалық құралдар пайдаланбай бақылап зерттеп, өзіне тән ерекше белгілерін қабылдайды. Жай, көзге көрінбейтін заттардың белгілерін техникалық құралдардың көмегімен қарап қабылдау күрделі бақылауға жатады.

ВИЗИРЛЕУ, НЫСАНАЛАУ(Визирование) – сот баллистикасында оқтың атыс болған жерге байланысты ұшу траекториясын нысаналап немесе в. құрал-сайманын қолданып анықтау тәсілі. Оқиға болған жерді тексеруді тергеуші немесе криминалист маманымен жүргізіледі.

ГИПОТЕЗА – қандай да бір құбылысты, әрекетті, оқиғаны анықтау үшін және оларды теориялық, тәжірибелік негізінде тексеруді талап ететін ғылыми гипотеза.

ГИПСТЕЛГЕН КӨШІРМЕ ҮЛГІ(Гипсовый слепок) – оқиға болған жерден табылған аяқ киім, транспорт құралы дөңгелегінің көлемді іздерін алу мен бекіту әдісі. Криминалистік трассологияда гипспен көшірілген үлгі дайындау тәртібі із қабылдаушы объектілерге байланысты жасалады.

ГАЛЛЮЦИНАЦИЯ(Елес) – сезу мүшелерінің патологиялық бұзылуы, қажет кезінде сезу мүшелеріне сәйкес ықпал етпейтін объектілерді қабылдау.

ГИПОСТАЗ – адам денесінің немесе мүшесінің төменгі бөлігінде қан тоқтап жиналып қалу. Мәйіт дақтары, мәйіт құбылысы.

ГАЗБЕН АТЫЛАТЫН ҚАРУ(Газовое оружие) – газ оқтарымен ату үшін қолданылатын қару, олар атылатын қарулардың тура көшірмесі болып табылады.

ГАЗДЫ ОҚТАР(Газовые патроны) – газбен атылатын қаруға арналған оқ-дәрі. Олар: О – хлорбензилиденмалонитрия (CS) немесе хлорацетофенон (CN) кристаллдарының ұнтақтарымен жабдықталады. Г.О. міндеті – ату кезінде кристаллдық заттарды 3 метрге дейінгі қашықтыққа шашырау.

ГАБИТОСКОПИЯ НЕМЕСЕ ГАБИТОЛОГИЯ(лат. habitus – адамның сыртқы пішіні, оның құрылымы, дене бітімі және грек. skopeo – қарау) – криминалистік техниканың саласы, адамның сыртқы пішіні туралы ілім. Портреттік сараптаманың ғылыми негізі және адамның сыртқы пішінін ауызша суреттеудің әдісі.

ГОМЕОСКОПИЯ(грек. homoios – ұқсас, бірдей және skoreo – қарау) – адам ізін зерттеудің диагностикалық және идентификациялық әдісін оқытатын трассологияның бір бөлімі.

ГОМЕОСКОПИЯЛЫҚ БЕЛГІ(Гомеоскопический признак) – теңестіру жүргізуде адам ізінен көрініс алатын белгі.

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР(Научно-технические средства) – дәлелдемелерді анықтау, іздеп табу, алу және зерттеу үшін заңды түрде қолданылатын құралдар, арнаулы жпбдықтар, материалдар.

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ ІСКЕ ҚАТЫНАСЫНЫҢ БОЛУЫ(Относимость доказательств) – фактілі деректердің қылмысты істің мән-жайларын шешуге қатынасының бар болуы, олардың қылмысты дәлелдеуге керектігі.

ДӘЛЕЛДЕУ МІНДЕТІ(Обязанность доказывания) – қылмысты істерді тергегенде және сотта қарағанда қылмысты дәлелдеу белгілі бір лауазымды адамдарға жүктелуі. ҚР қылмыстық істер жүргізу заңы бойынша қылмысты дәлелдеу сотқа, прокурорға, тергеушіге, анықтама жүргізуші тұлғаға жүктеледі. Қорғаушы (адвокат) заң шеңберінде сезікті адамды, айыпкерді, сотталушыны анықтайтын не оның жазасын жеңілдететін мәліметтерді жинап, оның тергеу органдарына, сотқа ұсынады. Айыпкер өзінің кәнісіз екенін дәлелдеуге міндетті емес. Іс бойынша қандай да күмән туындаса, ол айыпкердің пайдасына талқыланады.

ДИНАМИКАЛЫҚ ІЗ(Динамический след) – екі объектінің байланысқа түсуі арқылы пайда болады. Із түсіруші объект із қабылдаушы объектінің үстіңгі қабатымен жылжып отырады. Қимылдап жүру арқылы пайда болатын із. Мыс.: шананың ізі, машина дөңгелегінің және т.б. іздері.

ДЕТАЛЬДЫ ТҮСІРУ ӘДІСІ(Детальная съемка) – оқиға болған жерді қарау, тінту және т.б. қылмыстарды тергеу үстінде қолданылатын суретке түсіру әдістерінің бірі. Д.т.ә. мақсаты табылған заттай дәлелдемелердің қасына міндетті түрде масштабы сызғыш қойып, оның көлемі мен мөлшерін көрсете отырып суретке түсіру. Мыс.: мәйіттің денесінде жаракат т.б. болса, сол жаракат, дақ, жараларды өлшеу әдісін қолдана отырып жеке түсіру.

ДОҒА ТӘРІЗДЕС ӨРНЕК(Дуговой узор) – папиллярлы өрнектің бір түрі. Д.т.ө саусақтың орталық ағымының папиллярлы сызықтары бір жағынан басталып центрге келгенде, көтеріледі және саусақтың екінші жағынан аяқталады. Д.т.ө-те дельта болмайды. Д.т.ө. өте аз кездеседі, бар-жоғы 5 пайыз.

ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІ(Подготовительный этап) – кез-келген тергеу әрекеті үш кезеңнен тұрады. 1. дайындық кезеңі; 2. жұмыс жасау кезеңі; 3. қорытынды кезең. Д.к. қажетті барлық мәліметтерді жинаудан, жедел-тергеу тобын құрудан, техникалық құрал-жабдықтарды дайындаудан және т.б. тұрады.

ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ПЛЕНКА(Дактилоскопическая пленка) – оқиға болған жерде табылған аяқтарының, қол бедерінің іздерін және т.б. беткі қабаттағы іздерді алу және бекіту үшін қолданылатын криминалистік ғылыми-техникалық құрал. Д.п-ның: ақ, қара және түссіз түрлері болады.

ДИССИМУЛЯЦИЯ - өзінде бар ауруды қасақана жасыру.

ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ҰНТАҚТАР(Дактилоскопические порошки) – көрінбейтін қол, жалаң аяқ іздерін анықтауға арналған ғылыми-техникалық құралдар.

ДАКТИЛОСКОПИЯЛАУ(Дактилоскопирование) – тірі адамның немесе өліктің барлық саусақтарының таңбаларын түсіру. Алғашқы кезде Д. үшін бетіне бапалық бояу жағылған шыны пластина және резеңке білік пайдаланылған, қазіргі кезде арнайы бояу құрамдары пайдаланылады.

ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ЛУПА(Дактилоскопическая лупа) – папиллярлық өрнектерді және олардың белгілерін зерттеу үшін құрылғымен жабдықталған арнайы лупа.

ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ ФОРМУЛА(Дактилоскопическая формула) – екі қарапайым бөлінді ретінде берілген саусақтардың папиллярлық өрнектерінің кодталған (цифр арқылы) жалпы сипаттамасы. Қазіргі кезде дактилоскопиялық тіркеуді автоматтандырғанға байланысты Д. тек қана дактокарталарды картотекаларда қолмен іздеуде ғана пайдаланылады.

ДАКТИЛОСКОПИЯ(грек. daktilos – саусақ, skoreo – қарапайым) – адам терісінің, көбінесе қол саусақтарының папилляр өрнектерінің қасиеті мен сипатын, оларды анықтаудың құралы мен әдістерін, оқиға болған жерден табылған іздер бойынша криминалистік тіркеу және теңестіру мақсатында белгілеу, алу және зерттеуді оқып-үйренетін трассологияның тарауы.

ДАКТИЛОСКОПИЯ(грек. daktilos – саусақ, skoreo – қарапайым) – оқиға боған жерде табылған іздер бойынша идентификациялау және криминалистік тіркеу мақсаттарында зерртеу және табу, алу, бекіту әдістері мен тәсілдерін, папилляр өрнектерінің қасиеті мен сипаттамасын зерттейтін трассологияның бөлімі.

ДИНАМИКАЛЫҚ СТЕРЕОТИП(Динамический стереотип) – адамның әрекеттерінің шартты рефлекторлық бекітілген белгілі тәртібін білдіретін бас миының үлкен жарты шарының біртұтас қызметінің формасы. Д.с. қол жазудың жеке және салыстырмалы тұрақтығын анықтайды, яғни қол жазудың белгілерінің еске түсірушілігі (қайталануы) және әртүрлі жағдайларда жазғанда идентификациялық кезең шегінде оның сақталушылығы. Д.с. қол жазуды және жазуды криминалистік зерттеуде пайдаланылады.

ДИФФУЗДЫҚ-ҚАТЫНАСТЫҚ ӘДІС(Диффузно-контактный метод) – атыс қаруынан келген зақымның және атылған оқтың тосқауылдағы іздерінің маңындағы ату құрамына кіретін заттардың ішіндегі металлдарды баллистикалық зерттеудегі химиялық әдісі.

ДИФФУЗДЫҚ-КӨШІРМЕЛІК ӘДІС(Диффузно-копировальный метод) – сызықтардың бояғыш заттарын дифференциялау және көрінбейтін немесе нашар көрінетін жазуларды табу үшін қолданылатын құжаттардың криминалистік-техникалық сараптама әдістерінің бірі. Фотоқағаздың жарық сезгіш қабатын десенсибилизациялау және кейбір органикалық бояғыш заттар ерітінділерінің сенсибилизациялау қабілетіне негізделген.

ДАКТИЛОСКОПИЯЛЫҚ САРАПТАМА(Дактилоскопическая экспертиза) – трассологиялық сараптаманың бір түрі; папилляр өрнектерінің іздерін идентификациялау үшін зерттеуде тұрады.

ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯЛАУ(Дифференциация) – 1. нақты қылмыстық (азаматтық) іс бойынша сараптама міндеттерінің бірі; 2. бір текке не бір топқа қатысты немесе объектілер топтарының арасындағы өзара салыстырылатын объектілердің айырмашылығын анықтаумен түйінделетін объект белгілерін табу және бағалаудың процессі мен нәтижесі.

ДӘЛЕЛДЕМЕНІ БЕКІТУДІҢ ГРАФИКАЛЫҚ ТҮРІ(Графическая форма фиксации доказательств) – дәлелдеуге жататын мәліметті – суретке салу жолымен және графикалық белгіні орындау жолымен көрсетіледі (суреттер, салынған схемалар, карталар, сызбалар, графиктер).

ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕР(Особые приметы) – адамның бет-әлпетінде, дене пішінінде, жалпы тұлғасындағы айтарлықтай ерекше белгілері. Адамды идентификациялау процессінде пайдаланылады.

ЕСІРТКІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАР МЕН ПРЕКУРСОРЛАРДЫҢ СОТ САРАПТАМАСЫ(Судебная экспертиза наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров) – құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді өсіруге, жинауға және дайындауға, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеуге, дайындауға, өңдеуге, алып келуге, алып шығуға, транзиттеуге, жөнелтуге, сатып алуға, сақтауға, бөлуге, сатуға, пайдалануға байланысты ҚР заңдарын бұза отырып жүзеге асырылатын қызмет түрлері – олардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстық істер бойынша тағайындалатын сараптама.

ЖЕЗБЕКТІ КІЛТ(Отмычка) – қандай да болсын құлыпты және басқа да жабқыш механизмдерді ашуға икемделген аспап. Көбінесе қылмыс жасау үстінде бұзу құралы есебінде пайдаланылады.

ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ(Рабочий этап) – дайындық кезеңінен кейін жүргізіледі. Тергеудің бұл кезеңінде – оқиға болған жерді қарау, жауап алу, тінту және т.б. тергеу әрекеттерін жүргізе кезінде жоспарланған мәселелер шешіледі. Ж.к. шартты түрде әртүрлі сатыларға бөлінеді.

ЖӘРДЕМДЕСУШЛІК(Субсидиарность) – қоғамдық қауіпсіздік және тәртіп қағидасы.

ЖЕКЕ БЕЛГІЛЕР(Частные признаки) – бұл арқылы объектілердің өзіндік тепе-теңдігі, сәйкестігі анықталады.

ЖЕРГІЛІКТІ АУМАҚТЫ ШОЛЫП ШЫҒУ(Прочесывание местности) – қылмыскерді ұстау, өлікті, хабар-ошарсыз кеткен адамды, айғақтық заттың ізін іздеу мақсатымен қандай да бір кеңістікке мұқият тексеру жүргізу.

ЖОСПАР(План) – тергеу үстінде пайда болып, тергеушінің белгілі бір мәселені шешуге бағытталған жүйелі пікірі. Ж-дың түрлері: перспективті, кезекті, схемалық, жеке, нақты бір іс бойынша және тергеушінің өндіріс үстіндегі барлық істері бойынша құрама жоспар.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ КРИМИНАЛИСТТІК ЗЕРТХАНА(Передвижная криминалистическая лаборатория) – тергеу әрекеттерін жүргізу үшін арнайы автокөлік ішінде орналасқан ғылыми-техникалық құралдардың жиынтығы. Негізінен оқиға болған жерді қарау кезінде қолданылады.

ЖЕКЕ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІН ЖҮРГІЗУДІ ЖОСПАРЛАУ(Планирование проведения отдельного следственного действия) – криминалисттік тактика тергеу әрекетін жоспарлауды ұсынады. Жоспарлау үш кезеңнен тұрады: 1. дайындық кезеңі; 2. жұмыс кезеңі; 3 қорытынды кезең. Автокөлік салонына: байланыс жүйелері, криминалист-маманның жұмыс үстелі және арнайы аяқтың, қолдың, аяқ киімнің іздерін, протекторлар, талшық іздерін, микроіздер, қан іздерін және т.б. іздерді алуға пайдаланатын құрал-жабдықтарды бар тергеу чемоданы орналасады. Автокөлік салоны – фотосуретке түсіру құралдарымен, сондай-ақ басқа да бекіту аспаптарымен жабдықталған.

ЖАЗБА ТІЛІ(Письменная речь) – криминалисттік зерттеудің объектісі. Автороведтікті анықтауда жазба тілінің – грамматикалық, лексикалық, стилистикалық белгілері жүйеленген. Жазба тілін криминалисттік зерттеу арқылы идентификациялық және диагностикалық сипаттағы мәселелер шешіледі.

ЖАРЫЛЫС ЗАТЫ(Взрывчатое вещество) – криминалисттік жарылыс зерттеу объектілерінің бірі. Криминалисттік техниканың бұл бөлімінде қылмыстық мақсаттарда қолданатын зауыттық заттар, қолдан жасалған заттар, қосылыстар, препараттар туралы ақпарат жиналған.

ЖАСЫРУ ТӘСІЛІ(Способ сокрытия) – қылмыс тәсілі буындарының бірі. Криминалисттік көзқарас жағынан келесі буындардың – дайындау және жасау тәсілдерінің ақпараттық маңызы жоғары болады. Қылмыстардың кейбір түрлерінде жасыру және жасау тәсілдері қылмыскердің бір әрекетінің шеңберінде жүргізіледі. Мыс.: сеніп тапсырған бөтен мүлікті ысырап ету.

ЖАРТЫЛАЙ ҚОЛДАН ЖАСАУ(Частичная подделка) – құжаттарды техникалық-криминалисттік зерттеуде құжаттың мазмұнына тазарту, күйдіру, жуу, қосып жазу, қосып басу, парақтарды, суреттерді ауыстыру, қандай да бір фрагменттерді жабыстыру арқылы өзгерістер енгізу ретінде түсініледі.

ЖАЛПАҚ КЛИШЕ(Плоское клише) – мөртаңба және таңба оттискілерін қолдан жасау тәсілдерінің бірі. Мұндай клишеде басушы және аралық элементтер бір кеңістікте жатады. Ж.к.-ні жасауды қылмыскерлер шынайы оттискілерден сурет салу немесе көшірме жасау жолмен жүргізеді.

ЖОЛШЫ БЕЛГІЛЕР(Сопутствующие признаки) – адамның бейнесін суреттеудің, яғни ауызша суреттеу элементтерінің бірі. Ж.б-ге іздестіріліп жатқан қылмыскерлердің немесе танылмаған өліктің киген киімін, аяқ киімін, көзәйнектің белгілерін және басқаларын жатқызады. Құқық қорғау органдары тәжірибесінде қолданатын терминология, адам бейнесінің меншіктік белгілері де унификацияланған.

ЖЕКЕ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕРГЕУ СИТУАЦИЯСЫ(Следственная ситуация отдельного следственного действия) – бұл тактикалық шешімді, тактикалық әдістерді қабылдау үшін маңызды, тергеу әрекетінің мән-жайларын сипаттайтын ақпараттар жүйесі. Мыс.: оқиға боған жерді қарау, жауап алу, тінту кезіндегі тергеу ситуациялары.

ЖАҚЫННАН АТУ ІЗІ(Близкого выстрела следы) – баллистикадағы жарылғыш заттардың механикалық қимыл әсерінен объектінің материалдарының шашырауы, қақталуы; металл бөлшектерінің, оқтың сыртқы қабатының, толық жанып кетпеген оқ-дәрі бөлшектерінің енуі. Бұл іздерге байланысты жақыннан атылған атыстың арақашықтығы 0,01 м деін анықталуы мүмкін.

ЖАРЫЛЫС(Взрыв) – аз уақыт ішінде көп мөлшерлі қуаттың аз көлемінен бомау процесі, соның салдарынан толтырылған зат, қатты қыздырылған жоғарғы қысымды газға айналады. Жарылыс кезінде ауада толқындар пайда болып тарайды.

ЖАЗУ МАТЕРИАЛЫ(Материал письма) – 1. қолжазу сараптамасында қолжазба жазылған зат. Қарапайым Ж.м. – қағаз, бланк; әдеттен тыс – картно, мата, ағаш, фанера және т.б. 2. құжаттардың техника-криминалистикалық сараптамасында – мөрдің таңбасын, қолжазбалық және баспа міндеттерін түсіру үшін пайдаланатын заттар.

ЖАСЫРЫН ІЗ(Латентный след) – тікелей көзбен көруге мүмкін емес із (көрінбейтін із).

ЖАҒДАЯТТЫҚ САРАПТАМА(Ситуационная экспертиза) – іздер мен объектілер бойынша мән-жайларды зерттетін, оқиғаның механизмін немесе оның элементтерін анықтайтын сараптама.

ЖЕКЕ САРАПТАМА(Единоличная экспертиза) – тергеушінің (соттың) қаулысы (ұйғарымы) бойынша бір сарапшының жүргізетін сарапшылық зерттеуі.

ЖЕТЕКШІ САРАПШЫ(Ведущий эксперт) – комиссиялық және кешенді сараптамалар жүргізу кезінде сарапшылық мекеме басшысының тапсырмасы бойынша сарапшылар комиссиясы мүшелерінің іс-әрекетін ұйымдастыруды жүзеге асыратын сарапшы.

ЖЕТКІЛІКТІ НЕГІЗ(Достаточное основание) – 1. нақты объектіні бірдейлестіру үшін – сарапшы анықтаған елеулі дәл келетін белгілердің жеке жиынтығы; 2. теңдестірмеушілік міндеттерді шешу үшін – хабардар тұлға (іс жүргізуші адам) ретінде сарапшыға белгілі болған объектілердің өзара әрекет ету заңдылықтарының нақты жағдайда пайда болуын көрсететін белгілердің жиынтығы.

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ СОТ САРАПТАМАСЫ(Судебная экспертиза дорожно-транспортных происшествий и транспортных средств) – көлік құралдарының техникалық жағдайына, Ж.к.о. механизміне, оқиға болған орынның жағдаяты мен Ж.к.о-на қатысушылардың әрекетіне қатысты заңдылықтарды оқып-зерттеуге бағытталған сарапшылық зерттеу. Ж.к.о. мен К.қ. жағдаяттарының сот сараптамасы: Ж.к. оқиғаларын, Ж.к.о. механизмін, Ж.к.о. сәтіндегі жол мән-жайын, Ж.к.о-на қатысушылардың нақты әрекеттерін, К.қ-тың техникалық жағдай мен оның жолда жүру қауіпсіздігі ережелеріне және пайдалануға сәйкестілігін анықтаумен байланысты істер болып табылады.

ЗАҢДЫ БЕЛГІ(Закономерный признак) – заттардың, құбылыстардың ішкі, елеулі, айырушы байланыстырмен себептелген, олардың даму заңдылықтарын білдіретін объективті өмір сүруші белгі.

ЗАТТАЙ ДӘЛІЛДЕМЕ(Вещественное доказательство) – қылмыскерлердің өзінің немесе істеген қылмысының, заттың өзінде материалдық іздері. З.д. қылмыс қарулары болған немесе қылмыстың іздерін сақтап қалған немесе қылмыстық әрекеттің объектісі

болған заттар, мүлік, ақша және басқа да қылмыскерлікпен табылған бағалы заттар. 3-д-ге - қылмысты ашуға, істің болған мән-жағдайларын, кінәлі және кінәсіз адамдарды анықтауға әйтпесе жауапкершілікті жеңілдетуге себебін тигізетін зат, мүліктердің барлығы жатады. 3-д. – тергеушінің, соттың немесе сарапшының алған нақтылы криминалистік маңызы бар мәліметтер. Қазіргі кезде мүмкіндік туғызып отыр.

ЗАТТАЙ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР(Вещественные доказательства) – қасиеттері, жай–күйі немесе орны дәлелдеу тақырыбына кіретін жағдаяттар туралы дәлелдемелік ақпараттар беретін материалдық объектілер. Заңда белгіленген тәртіппен объект тексеріліп, хаттамаға жазылып, іске тіркелгеннен кейін заттай дәлелдеме болып есептеледі.

ЗАТТАР МЕН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ СОТ САРАПТАМАСЫ(Судебная экспертиза веществ и материалов) – тексерілетін оқиғалардың заттық (материалдық) жағдайының элементтері ретіндегі объектілердің морфологиялық және субстанционалдық қасиеттерінің қалыптасу, өмір сүру және өзгеру заңдылықтарын оқып–зерттеу негізінде анықталатын істің мән–жайын зерттейді.

ЗЕРТТЕЛЕТІН ОБЪЕКТ(Исследуемый объект) – тексерілетін оқиға жөнінде ақпараты бар және текдестіруге жатқызылатын сарапшылық зерртеу объектісі. Зерттелетін объектілерге заттай дәлелдемелер (айғақтық заттар) жатады.

ИДЕНТИФИКАЦИЯЛЫҚ ЖАЛПЫ БЕЛГІЛЕР(Общие идентификационные признаки) – арқылы объектінің қай текке, топқа жататындығы анықталады. Жалпы белгілер бір текті объектілермен сипатталады.

ИНФРАҚЫЗЫЛ СӘУЛЕЛЕР(Инфракрасные лучи) – адамның көзбен көріп қабылдауы мүмкін емес, көрінбейтін іздерді зерттеу әдісі. И.с. арқылы салыстырмалы зерттеліп талданатын объектілердің белгілері анықталады. Мыс.: криминалистикада жалған құжат жасау іздерін, көрінбейтін жазуларды қалпына келтіру, қара түсті материалда көзге көрінбейтін оқтан қалған күйені, кейбір жанғыш майлардың материалдарда қалған дақтарын және т.б. анықтау мақсатында и.с. кеңінен қолданады.

ИНСЦЕНИРОВКА – қылмыскерлердің қылмыстың ізін жасыру үшін қолданатын әдістері. Шынайы оқиғаны жасыру мақсатында белгілі жағдайды қолдан қалыптастырып, басқа бір қылмыстың жасалғандығы жөнінде жалған көрініс жасап тергеуді теріс жолға бағыттау. Инсценировкамен жасалған қылмыстарды қарау кезінде негативті жағдайды байқауға болады.

ИМБИБИЦИЯ(лат. imbibitio – сіңіру, бойына сіңіріп алу) – өлгеннен кейінгі қанның, өтгің және өлік мүшелерінің басқа да сұйықтарын сіңіру.

ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАНАТЫН ОБЪЕКТ(Идентифицируемый объект) – мыс.: қылмыскер қылмыс жасаған кезде қару қолданған болса, осы қаруды идентификациялау арқылы дәлелдеу мәселесі шешіледі. Қылмыскерлерден алынған қару идентификацияға жататын объект болып табылады.

ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАУҒА ПАЙДАЛАНАТЫН ОБЪЕКТ(Идентифицирующий объект) – 1. оның көмегімен идентификация жүргізілетін объект. Мысалы, қылмыскер қолданған тапаншаның идентификациясын оқиға болған жерде табылған оқ және гильза бойынша жасауға болады. 2. оқиға болған жерде қалған іздің үлгісі. Мақсаты: осы іздің үлгісі арқылы іздеген затты табу. Мыс.: оқиға болған жерде қалған қылмыскерлердің аяқ киімі ізінің үлгісі алынып, сезіктінің аяқ киімімен теңестіріледі. Іздің үлгісі арқылы сол аяқ киім ба, жоқ әлде басқа ма деген сұрақтар шешіледі.

ИНВЕНТАРИЗАЦИЯ – мүліктің, ақша құжатының сақталуын, өзара есеп айырысудың дұрыстығын тексеру. И. Бухгалтерлік есептің ішкі бақылау әдісі. И. Ұрлық, тонау, қарақшылық, өрт қою, біреудің мүлкін уақытша иелену немесе ысырап ету, жасалған банкроттық және т.б. қылмыстарды тергеуге кеңінен қолданылатын әдіс.

ИІСТІК ІЗДЕР(Запаховые следы) – криминалистік одорологияның объектілері. Иістік іздер адамның, жануардың, заттардың іздері боуы мүмкін. Олар қылмыстардың ізін суытпай ашуға, сондай–ақ идентификациялауға мүмкіндік береді.

ИДЕНТИФИКАЦИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕР(Идентификационные признаки) – қ. Белгілер.

ЙОДТЫ ТҮТІКШЕ(Йодная трубка) – йодтың буымен қол іздерін табу үшін арналған құрылғы. Түтікше арқылы зерттелетін объектіге бағытталатын және йод буларын бойына сіңірген ауаны үрлеу арқылы о.б.ж. қалған ізді алуға болады, йод кристалдары бар шыны балоннан тұрады.

ЙОДТЫҚ КАМЕРА(Йодная камера) – көзгк көрінбейтін қол іздерін байқалатын етіп шығаратын йод буларын қарқынды айдауға арналған электрлік сублиматоры бар камера. Дактилоскопиялық зерттеулер жүргізу үшін лабораториялық жағдайда пайдаланылады.

КРИПТОГРАФИЯ – құпия жазу, іске қатысы жоқ адамдарға мәтін түсініксіз болу үшін қолжазуды өзгертіп жазу жүйесі. Қылмыскердің құпия қатынасып тұру тәсілінің біріне жатады.

КРИМИНАЛИСТІК ЖОРАМАЛ(Криминалистическая версия) – бұл тергеушінің /сарапшы, маман, сот, прокурор, адвокаттың/ тергеудің белгілі бір кездеріндегі туындаған жағдайларға, жиналған айғақты дәлелдемелерге негізделген қылмыстың түрі, оның болу тетігі және қылмыстың басқа да мән–жайлары жөніндегі ой–пікірі. Болжаудың типтік, жалпы, жеке және т.б. түрлері болады. Тергеуші болжаудың дұрыстығын тексеру үшін ревизия, аудит және т.б. тексеру шараларын ұйымдастырып, тергеу әрекетінің жоспарын құрады.

КУӘЛАНДЫРУ(Осведетельствование) – іске қатынасы бар кейбір сұрақтары анықтау үшін адамның денесін, киген киімін қарап тексеруді қажет ететін тергеу әрекеті. Куәландырудың өзі тергеу және медициналық болып екі топқа бөлінеді. Тергеу куәландырылуы тергеу қарауының бір түрі болғандықтан, куәгерлердің, ал қажет болған жағдайда, дәрігердің қатынасуымен өткізіледі. Бұл тергеу әрекетін жүргізу арқылы куәландыратын адамның денесінде, киімінде қылмыстың іздері/ дақ, балшық және т.б./ , не басқа да ерекше белгілердің бар-жоқтығы тексеріліп анықталады.

КӨРСЕТПЕЛЕРДІ НАҚТЫЛАУ(Детализация показаний) – жауап алу кезінде қолданылатын тактикалық әдістердің бірі. Криминалистикада негізінен бұл әдісті жауап алынатын адамның алибиін тексеру үшін қолдануды ұсынады. Тергеуші алиби мен байланысты тергеліп отырған іс–жағдайы жөнінде сезікті немесе айыпкерден толық әрі жан–жақты түрде жауап алуы қажет.

КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ(Общая теория криминалистики) – криминалистика ілімінің теориялық және методологиялық негіздері, криминалистикалық түсініктер, категориялар және терминдер. Криминалистиканың бұл бөлімінде төмендегі сұрақтар қаралады: криминалистиканың пәндік сипаттамасы, оның маңызы, міндеттері, жүйелі бөлімдері және өзі тектес заң ғылымдары арасындағы орны, қылмыскер жөнінде сонымен қатар қылмыстың механизмі және қылмыстың басқа да мән–жайы жөнінде керекті мәліметтерді, айғақтарды іздеп табу, бекіту, зерттеу үшін пайдаланылатын криминалистік тәсілдер мен құрал–саймандар, криминалистік идентификация теориясы.

КЕНЕТТЕН, ТОСЫНАН(Внезапность) – жүргізілетін тінту әрекеті. Қайшылықты жағдайда жауап алу, көрсетпелерді оқиға болған жерді тексеру кезіндегі криминалистикада ғылымы ұсынатын тактикалық әдістердің бірі.

КӨЛІК ҚҰРАЛЫНЫҢ БАЗАСЫ(База транспортного средства) – алдыңғы және артқы өзектердің арасындағы ара–қашықтық. Көлік құралының түрін, маркасын және моделін анықтауға мүмкіндік беретін белгілерінің бірі. Базаны көлік құралдары дөңгелектерінің бұрылыс кезіндегі іздері және статикалық іздері бойынша анықтауға болады. Солардың көмегімен тергеуші мұқият сол жерді қарауға және бекітуге міндетті.

КӨЛІК ҚҰРАЛЫНЫҢ ЖҮГІРУ ЖОЛЫ(Бегущая дорожка транспортного средства) – көлік құралының әрбір дөңгелек шеңберінің ұзындығы. Жүгіру жолын дөңгелек протекторы суретіндегі қайталанған бірдей ерекшеліктердің екі кейінгі бейнесінің арасында бекітеді.

КРИМИНАЛИСТИКАДАҒЫ ДЫБЫС ЖӘНЕ БЕЙНЕЖАЗБА(Звуко–видеозапись в криминалистике) – жасалаған тергеу әрекетін, процессуалдық ережелердің нәтижелерін бекітудің қосымша ғылыми–техникалық құралы. Бірқатар жағдайларда дыбысжазбаны және бейнежазбаны тактикалық әдіс ретінде қарастыру қажет.

КРИМИНАЛИСТІК АВТОРТАНУ(Криминалистическое автороведение) – криминалистік техниканың саласы, құжаттардың криминалистік идентификациясының құрамдас бөлігі. Оның зерттеу объектісі қолжазбамен, баспамен орындалған мәтіндер болады. Идентификациялық және идентификациялық емес міндеттерді шешу мақсатында мәтіндерді зерттеу бойынша ұсынымдарды дайындайды.

КРИМИНАЛИСТІК ИДЕНТИФИКАЦИЯ(Криминалистическая идентификация) – криминалистиканың теориялық білімдерінің бірі. Бірқатар ерекшеліктерімен: процессуалдық және әдістемелік сипатымен сипатталады. К.и. негізгі міндеті жеке сәйкестікті анықтау.

КРИМИНАЛИСТІК ДИАГНОСТИКА(Криминалистическая диагностика) – теориялық білім. К.д. міндеттері: топтастырылған, диагностикалық, жағдайлық міндеттерді шешу.

КРИМИНАЛИСТІК ҚАРУТАНУ(Криминалистическое оружиеведение) – криминалистік баллистикадан және суық қаруды зерттеуден құрылған, криминалистік техниканың саласы. Аталған бағыттардың әрқайсысы объектілердің өз шеңберін зерттеуді және соған сәйкес оларды анықтау, алу, зерттеу бойынша ұсынымдарды дайындайды.

КРИМИНАЛИСТІК ҚОЛЖАЗБАТАНУ(Криминалистическое почерковедение) – криминалистік техникада құжаттарды криминалистік зерттеу саласының құрамдас бөлігі. Оның зерттеу объектісі жазбаларда және қолтаңбаларда бейнеленген адамның қолжазбасы болып, идентификациялық және идентификациялық емес міндеттерді шешу үшін адамның қолжазбасын зерттеу бойынша ұсынымдарды дайындайды.

КРИМИНАЛИСТІК ЖАРЫЛЫСТАНУ(Криминалистическое взрывоведение) – криминалистік техниканың бағыты, оның зерттеу объектілері: жарылыс құрылғылары, жарылыс заттары, жарылыс іздері болады. Жарылыс құрылғыларын қолданумен байланысты объектілерді анықтау, бекіту, алу, зерттеу бойынша ұсынымдарды дайындайды.

КРИМИНАЛИСТІК ОДОРОГОЛИЯ(Криминалистическая одорология) – криминалистік техникадағы бағыт. Оның зерттеу объектісі иістік іздер болып табылады. Иістік іздерді анықтау, бекіт, алу, зерттеу бойынша ұсынымдарды дайындайды.

КРИМИНАЛИСТІК ФОТОГРАФИЯ(Криминалистическая фотография) – дәлелдемелерді зерттеуде және бекітуде пайдаланылатын ғылыми жағдайлар мен фотографиялық әдістемелердің жүйесі.

КРИМИНАЛИСТІК ФОТГРАФИЯ ЖӘНЕ БЕЙНЕЖАЗБА(Криминалистическая фотграфия и видеозапись) – криминалистік техниканың саласы. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қолданатын ережелердің және соларға негізделген түсіндеру тәсілдерінің әдістерін және түрлерінің жүйесін құрайды. Осы салада келесі бағыттар: бейнелеу және зерттеу түсіруі айқындалады.

КРИМИНАЛИСТІК ЕСЕП(Криминалистический учет) – криминалистік техниканың саласы, криминалистік маңызы бар объектілерді немесе мәліметтерді бекіту, жүйелеу бойынша ғылыми негізделген жүйені білдіреді.

КРИМИНАЛИСТІК ІЗТАНУ(Криминалистическое следоведение) – криминалистік техниканың саласы, өзінде криминалистік трассологияны, материалдарды және заттарды криминалистік зерттеуді, криминалистік одорологияны, материалдарды және заттарды криминалистік зерттеуді, криминалистік одорологияны және басқа бөлімдерін құрайды. Оның зерттеу объектілері кең мағынадағы қылмыстың іздері болады.

КРИМИНАЛИСТІК ГАБИТОСКОПИЯ(Криминалистическая габитоскопия) – криминалистік техниканың саласы. Адамның бейнесін зерттеп, адамның бейнесін суреттеу бойынша ұсынымдарды дайындайды.

КРИМИНАЛИСТІК ТРАССОЛОГИЯ(Криминалистическая трассология) – криминалистік техниканың саласы болып табылатын, криминалистік этанудың құрамдас бөлігі. Трассологияда із пайда болудың механизмі, оның заңдылықтары зерттеліп, іздерді анықтау, бекіту, алу, зерттеу бойынша ұсынымдар дайындалады.

КРИМИНАЛИСТІК БАЛЛИСТИКА(Криминалистическая баллистика) – криминалистік техниканың саласы болып табылатын криминалистік қарутанудың құрамдас бөлігі. К.б. атылатын қару–жарақты, оқ–дәріні, ату іздерін зерттеп, атылатын қару–жарақты қолданумен байланысты іздерді анықтау, алу, зерттеу, бойынша ұсынымдарды дайындайды.

КРИМИНАЛИСТІК ДИАГНОСТИКА(Криминалистическая диагностика) – материалдық объектінің жаратылысын және күйін анықтау. Диагностикалық зерттеу жолымен, мысалы мынадай сұрақтарға жауап алуға болады: іздер қандай қолмен және қандай саусақпен қалдырылған? Құжатты химиялық реактивтер қолдану белгілері бар ма? Бояғыш зат құйылған құжаттың алғашқы жазылған мәтіні қандай болған? Қарудың бекіту құрылығында бөтен заттардың іздері бар ма? Зерттеуге түскен зат оқ ататын қару бола алады ма? және т.б. Криминалистік диагностиканы криминалистік идентификациядан ажырата білу керек. К.д. термині 1972 ж. В.А.Сиетковпен ұсынылған.

КАСТЕТ – қорғасыннан немесе темірден қолдың (саусақтардың) қалпына келетіндей етіп құйылған (жасалынған), ауыр соққы беру үшін арналған суық қару.

КОНТРАТИП – қарсы негативтен түссіз фотоматериалға түсіріліп жасалынған негатив немесе аралық позитив.

КОНТРАТИПТЕУ(Контратипирование) – негативте контрасты (карама–қарсылық) күшейту үшін бір негативтен бірнеше контратип жасау әдісі. Құжаттарды зерттеуде, дактилоскопияда пайдаланады.

КРИМИНАЛИСТИКА – қылмыс механизмінің заңдылығы, қылмыс және оған қатысушылар туралы ақпараттың пайда болуы, дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану, осы заңдылықтарды түсініп оған сүйене отырып, қылмысты ашуды, тергеуді және алдын–алуды ғылыми қамтамасыз ететін арнайы әдістер мен тәсілдер туралы ілім.

КРИМИНАЛИСТІК ТАКТИКА(Криминалистическая тактика) – криминалистиканың бөлімі қылмысты жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайларды анықтауға, дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге бағытталған жеке тергеу әрекеттерінің тәсілдерін, алдын–ала және сот тергеулерін ұйымдастыру және жоспарлау жүргізетін адамдардың тәртібін анықтауға, ғылыми жағдайлар және оның негізінде оларды жетілдіруге негізделген ұсыныстар жүйесі. К.т. ғылыми жағдайларының жүйесі криминалистік болжау мен тергеуді жоспарлау туралы ілімге, тергеу ситуациясының түсінігіне, оны тергеу пайдасына пайдаланудың және бағалаудың қағидаларына, тактикалық қауіп пен тактикалық шешім түсінігіне, тергеушінің анықтама органдарымен қарым–қатынасының қағидаларына, арнайы білімдерді тергеу жүргізу кезінде пайдаланудың нысаны мен әдістеріне негізделеді. К.т орталық түйіні – тактикалық тәсілдер.

КРИМИНАЛИСТІК ТЕХНИКА(Криминалистическая техника) – криминалистиканың бөлімі, қылмысты ашуда және алдын–алуда басқа шараларды және де дәлелдемелерді жинау, зерттеу мен пайдалану үшін арналған ғылыми жағдайлар және оның негізінде жетілдірілген техникалық әдіс, тәсіл және тәсілдемеліктердің жүйесі. К.т. мына салаларға бөлінеді: криминалистік фотография, кинотүсіру және видеожазу; құжаттарды зерттеу; трассология (із туралы ілім); сот (криминалистік) баллистикасы; адамды сыртқы бейнесі бойынша теңдестіру (габитоскопия және габитология); криминалистік тіркеу; криминалистік одорология, криминалистік фоноскопия. К.т. ғылыми жағдайларының түйіні криминалистік идентификация мен криминалистік диагностиканың теориясы болып табылады.

КРИМИНАЛИСТИК ӘДІСТЕМЕ(Криминалистік методика) – қылмыстың жеке түрлерін тергеу әдістемесі, жеке теория – криминалистиканың бөлімі; қылмыстың алдын–алуға және оған тергеу жүргізуге және ұйымдастыруға ғылыми жағдайлар және оның негізінде оларды жетілдіруге негізделген ұсыныстар жүйесі. К.ә. жүйесіне жалпы ережелерінен басқа жеке криминалистік әдістемелер кіреді. К.ә. криминалистік техника мен криминалистік тактиканың қылмыстың нақты бір түрін тергеудегі міндеттеріне қарап біріктіретін криминалистиканың синтездік бөлімі. К.ә. ғылыми жағдайларының жүйесіне – қылмыстың криминалистік сипаттамасы, қылмысты тергеуді ұйымдастырудың жалпы қағидалары, қылмысты алдын алу және тергеу әдістемелерін құрау қағидалары кіреді.

КІШІ КАЛИБР(Малый калибр) – ұңғылы ату қаруының калибрі. Өлшемі 6,5 мм–ге дейін.

КӘСІБИ ЭТИКАНЫ САҚТАУ(Соблюдение профессиональной этики) – сараптама жүргізу барысында, сондай–ақ сот–сараптама қызметінің өзге де аясында пайда болатын барлық жағдайларында сот сарапшысының жоғары әлеуметтік мәртебесіне лайықтылығы, сот сарапшысының «ғылымды бүркеншік ете отырып сот озбырлығына» қатыстылықты принципті түрде болдырмау.

КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУ(Комплексное исследование) – 1. белгілі бір мамандықтың сарапшысы әр түрлі әдістерінің жиынтығын пайдалану арқылы жүргізетін сарапшылық зерттеуі; 2. бірыңғай мамандықтар шеңберінде әр түрлі әдістік мамандығы бар сарапшылардың жүргізетін сарапшылық зерттеуі.

КЕШЕНДІ САРАПТАМА(Комплексная экспертиза) – сот сараптамаларының әр тектері (түрлері) үшін сараптаманың алдына қойылған жақын, шектес сұрақтарды шешу үшін жүргізілетін және ол бір ғана білім саласы негізінде шешілмейтін сарапшылық зерттеу.

КОМИССИЯЛЫҚ САРАПТАМА(Комиссионная экспертиза) – тергеушінің (соттың) қаулысы (ұйғарымы) бойынша бір немесе бірнеше мамандықтағы сарапшылар комиссиясының жүргізетін сарапшылық зерттеуі. Комиссиялық сараптама күрделі, соның ішінде көп объектілі және кешенді зерттеу жүргізу қажеттілігі жағдайында, сондай–ақ сарапшылық зерттеудің объективтілік дәрежесін көтеру мақсатында тағайындалады. Сарапшылық комиссияның мүшелері қойылған сұрақтар бойынша бірлескен қорытынды береді.

КРИМИНАЛИСТИК ҚҰРАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР(Криминалистические средства и методы) – сот зерттеуін жүзеге асыру үшін криминаликамен әзірленетін арнаулы аппаратуралар, материалдар, құрал–саймандар, әрекет ету тәсілдері, ұсыныстар және т.б. шығу көзі, мазмұны, мақсаты және қолдану субъектісі бойынша ажыратылады.

КРИМИНАЛИСТИК САРАПТАМА(Криминалистическая экспертиза) – адамды, жануарларды, көлік құралдарын, құрал–жабдықтарды, материалдарды, заттар мен бұйымдарды, олардағы немесе бүтіннің бөліктеріндегі бар із–көріністері бойынша теңдестіру, сондай–ақ теңдестірмеушілік сұрақтарды шешу мақсатында заттай дәлелдемелер мен басқадай іс материалдарын зерттеуде криминалика деректері мен әдістерін пайдаланумен сипатталатын сараптамалардың тобы.

КРИМИНАЛИСТИК ТЕҢДЕСТІРУ ТЕОРИЯСЫ(Теория криминалистической идентификации) – дәлелдеме алу мақсатында объектілерді теңдестірудің (айырудың) (негізінде, олардың көрінісі бойынша) принциптері, әдістері және құралдары туралы ілім.

КРИМИНАЛИСТИК ҰСЫНЫСТАР(Криминалистические рекомендации) – техникалық тәсілдер мен әдістемелерге тергеу жүргізу кезінде таңдау мен қолдануға қатысты тәжірибе мен ғылыми негізделген және мақұлданған кеңестер.

КЕБУ, ТОБАСТЫРУ(Мумификация) – өліктің немесе оның жеке бөлшектерінің /табиғи немесе жасанды/ кебуі, тобастырылуы.

КАРТЕЧЬ – аңшы мылтығына арналып, қорғасыннан жасалған диаметрі 5,9 мм асатын кез–келген бытыра.

КРИМИНАЛИСТИК КОЛЛЕКЦИЯ(Криминалистическая коллекция) – жедел-іздістіру, идентификациялық және диагностикалық мақсатпен әртүрлі объектілерді, үлгілерді жинау /қару–жарақ, атыс құжаты, аяқ киім өкшесінің, қалам сиясының бөліктері/.

КӨЛЕМДІ ІЗ(След объемный) – екі объектінің қатынасқа түсуі барысында пайда болады. Із қалдырушы объектінің әсерінен із қабылдаушы объект өзгеріске ұшырайды және осы кезде із қабылдаушы объектінің бедерімен сәйкес сипаттағы із қалады.

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ІЗДЕРІ(Следы транспортных средств) – протекторлардың, шонақ борттарының сыртқы құрылысын бейнелейтін іздер, көлік құралын пайдалану үшін қолданылатын заттар. Бұл іздер бойынша бірқатар мән–жайлардың соның ішінде көлік құралының тобын, маркасын, моделін, жылдамдығын, қозғалыс бағытын, тасымалдаушы жүкті анықтауға, нақты көлік құралын идентификациялауға болады.

ҚАРУ(Оружие) – тірі организмді және басқа да объектілерді қиратып, жоқ етуге пайдаланылатын арнайы қару есебінде жасалған құрылғы. Криминалистік тәжірибеде мұндай құрылғылар оқ ататын және атылмайтын/қылыш, найза/ қару болып екіге бөлінеді.

ҚАРАУДЫҢ СТАТИКАЛЫҚ САТЫСЫ(Статическая стадия осмотра) – қараудың жұмыс жасау кезеңі шартты түрде статикалық және динамикалық сатыға бөлінеді. Қ.с.с. тергеуші қарау кезінде ештеңеге тиіспейді, заттарды табылған сол күйінде орнынан жылжытпай, бағдарлап, шолып және түйінді түсіріп, хаттамаға бекітеді.

ҚОРҒАСЫННАН ЖАСАЛҒАН ПЛАСТИНА(Свинцовая пластина) – ұрлық жасауға қолданылатын техникалық құрал.

ҚОЛЖАЗУДЫҢ ЕРКІН ҮЛГІЛЕРІ(Свободные образцы почерка) – сараптама тағайындалып отырған адамның – қылмыстық іске еш қатысы жоқ, қылмыстық іс қозғалмай тұрып жазған қолжазуы.

ҚАУМАЛАП ҚОРШАУ(Облава) – қылмыскерді ұстап алу үшін оның тұрғылықты не болуы мүмкін жерді қаумалап қоршауға алу.

ҚОЛЖАЗУДЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ҮЛГІЛЕРІ(Экспериментальные образцы почерка) – қолжазу үлгілерінің бір түрі. Тергеуші, сот – сараптама тағайындау кезінде қолжазу үлгілерін алады.

ҚҰПИЯ – ЖАСЫРЫН ЖЕР (Тайник) – іске маңызы бар заттар: қару – жарық, есірткі заттары және т.б. объектілерді арнайы құпия орын жасап тергеудегі іздістіру жұмыстарын қиындатады. Криминалистикада құпия жасырын орынды анықтауға арналған техникалық құрал-жабдықтармен жете-зерттелген әдіс-тәсілдер ұсынылады.

ҚЫЛМЫСТЫҢ КРИМИНАЛИСТИК СИПАТЫ (Криминалистическая характеристика преступления) – қылмысты ашуға бағытталған теориялық (ілім) зерттеу. Криминалистикаға маңызды қылмыс белгілері: қылмыскердің жеке басына, қылмыстың жасалу әдісі мен болу механизіміне, қол сұғушылық затына және т.б. қылмыс элементтеріне жүйелі түрде түсінік беру.

ҚАРАУДЫҢ ДИНАМИКАЛЫҚ КЕЗЕҢІ (Динамическая стадия осмотра) – оқиға сатысы болған жердің жағдайын хаттамаға енгізгеннен /статикалық кезеңнен/ кейін әрбір объектіні, затты орнынан қозғалтып, жылжытып қарап тексеруге тура келеді. Бұл қараудың қорытынды кезеңі динамикалық деп аталады. Динамикалық зерттеу кезінде тергеуші, криминалист маман табылған объектілерді жеке-жеке қарау кезінде міндетті түрде заттай дәлелдемелермен жұмыс жасау тәртібін сақтауы қажет.

ҚОРШАУ (Облава) – іздеуде жүрген адамды ұстау мақсатында, оның жүрген жерін қоршауға алу.

ҚЫЛМЫСҚА ҚОЛ СҰҒУШЫЛЫҚТЫҢ ЗАТЫ (Предмет преступного посягательства) – тергеу процесі бағытын анықтауға, болжаудың жылжыуына өте қажетті элемент.

ҚАЗУ (Подкоп) – қылмыс жасау мақсатымен күзетілетін бөгетке, объектіге кіру және жасырын шығу тәсілі.

ҚҰЖАТТАҒЫ ЖАЗУДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ (Восстановление записей в документе) – құжаттарды техникөөкрминалистік зерттеу мәселелерінің бірі. Құжаттағы жазуды қайтадан қалпына келтіруге – көрінбейтін, сызылған, өшірілген, химиялық реактивтер қолданып қырып тазаланған, сия, бояу, және т.б. жазылған жазбаларды анықтау жатады. Құжаттағы жазуды қайтадан қалпына келтіруде кеңінен қолданылатын әдістер: әртүрлі спектрлік талдау, диффузиялық-көшірме, физика-химиялық және т.б. әдістер.

ҚОЛЖАЗУДЫҢ ҚАЛЫПТАСҚАНДЫҒЫ (Выработанность почерка) – адамның қолжазу қимылының дағдысын және жазу техникасын меңгеру деңгейін сипаттайтын жалпы белгі. Қолжазудың қалыптасу түрлері: төмен, орта, жоғары деңгейде болады. Қолжазудың жоғары деңгейдің қалыптасуы үшін ұзақ уақыт жаттығу шараларын жүргізу қажет.

ҚАҒАЗ ҚАБЫҒЫНЫҢ ЖҰҚАРУЫ (Утоньшение слоя бумаги) – тазарту арқылы жартылай қолдан жасау әдістерінің біріне тән бергілердің бірі.

ҚАРАУДЫҢ ФРОНТАЛДЫ ТӘСІЛІ (Фронтальный прием осмотра) – ашық кеңістікте немесе үлкен тұрғын жайларда қолданып, мұнда кеңістіктің немесе тұрғын жайдың бір шетінен екіншісіне сызықтық бойынша жылжып, секторды (учаске, квадрат) бірінен соң бірін зерттеп, бір қозғалыс бетінен екіншісіне өту арқылы жүргізіледі.

ҚҰЖАТ БӨЛІКТЕРІН АУЫСТЫРУ (Замена частей документа) – бірнеше парақтардан құралған құжаттарды (төлқұжат, инвентаризациялық кітаптар және т.б.) жартылай қолдан жасау әдістерінің бірі. Қағаздарды ауыстырудың белгілері: беттердің нумерациясындағы әртүрлі сериялар, нөмерлер, қағаздар, сызықтардың бояулары, жазбалар, тесу іздері және т.б. болады.

ҚҰЖАТТАРДЫ КРИМИНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ (Криминалистическое исследование документов) – криминалистік техниканың саласы, жазба құжаттарды және оларды жасаумен, қолдан жасаумен байланысты мән-жайларды зерттейді. Құжаттарды криминалистік зерттеу қолжазбатанудан, автортанудан және құжаттарды техникөөкрминалистік зерттеуден тұрады. Олардың әрқайсысы объектілердің шеңберіне және шешетін міндеттерге байланысты.

ҚАЛЫПТЫҚ САЛМАҚ (Слепочная масса) – оқиға болған жерді қарау, тінту, заттарды қарау кезінде табылған көлемді іздерді бекіту және олардың ғылыми-техникалық құралы. Криминалистік техникада келесі әр түрлі қалыптық салмақтар – гипс, латекс, смэласт, стиракрил, альгеласт, «к» пастасы, СКТН-1 пастасы және т.б. бар.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ТӘСІЛІ (Способ преступления) – криминалистік сипаттаманың ең маңызды элементтерінің бірі. Қылмыскердің қылмысты жасауға дейінгі және кейінгі объективті және субъективті айқындалған жүрісөтұрыс жүйесі. Сырттан із қалдыру арқылы қылмысты ашу және тергеу үшін маңызды мәнөжайларды анықтауға мүмкіндік береді. Қылмыстың тәсілі жинақтаушы түсінік ретінде өзінде келесі элементтерді: дайындау тәсілін, қылмыстың іздерін жасыру тәсілін жинақтауы мүмкін.

ҚЫЛМЫСТЫ ЖАСАУ ТӘСІЛІ (Способ совершения преступления) – криминалистік сипаттама элементі, қылмыс тәсілінің орталық буыны. Қылмыстың объективтік жағында әрқашанда тәуелсіз орын алады. Оның информациялық маңыздылығы қылмыскердің әрекеттерінен тыс көрініс табуда түйінделеді. Қылмыс жасаудың типтік тәсілін білу, тез және дұрыс қылмысты ашудың оптималды тәсілін таңдау, тактикалық тұрғыда дұрыс тергеу әрекеттерін жүргізуде көрінеді. Мысалы: ұрлық, кісі өлтіру кезінде оқиға болған жерді қарау, бөтеннің тапсырылған мүлкін иелену кезінде жауап алу және т.б.

ҚОСЫМША ДАКТИЛОФОРМУЛА (Дополнительная дактилоформула) – он саусақты дактилоскопиялық картотекада негізгі бөлікпен қолданады. Дактилоскопиялық формулада барлық папиллярлық өрнектер типтерінің қандай қолдың саусақтарының фалангаларына болғанына байланысты қолданады. Оң қол өрнектерінің берілгендері алымында, сол қолдың берілгендері бөлімінде қойылады.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОП (Преступная группа) – алдын ала бірлескен қызмет үшін біріккен тұлғалардан тұратын, оның қатысушылары арасында оны құру, басқару және қылмыстарды тікелей жасау бойынша функциялары ажыратылған тұрақты бірлестік.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ (Преступное сообщество) – бірлескен қылмыстық қызмет үшін құрылған, оның қатысушылары арасында ауыр қылмыстарды жасау бойынша функциялары бөлінген тұрақты бірлестік.

ҚҰЖАТТАРДЫ ТЕХНИҚАЛЫҚ-КРИМИНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ (Технико-криминалистическое исследование документов) – жаратылыстану-техникалық ғылымдардан алынып криминалистикамен дайындалатын, ережелердің жүйесін құрайтын криминалистік техниканың саласы. Қ.т.к.з-дегі диагностикалық және идентификациялық міндеттер: дайындау тәсілі, құжаттың мазмұнын өзгерту тәсілі, көрінбейтін, өзгертілмеген жазбаларды анықтау және т.б. Қ.т.к.з-нің объектілері: реквизиттер, құжаттың материалдары, құжаттық бланк, мәтін, оттискі дайындау үшін қоданылатын тактикалық құралдар.

ҚОЛ ЖАЗУДЫҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫ, ӨЗГЕРМЕЛІЛІГІ (Изменение почерка) – қол жазудың белгілерінің өзгеруі, басқа адамның қол жазуына еліктетіп, сол сияқты етіп орындау. Қол жазуды әдейі өзгерту, жазған адамды идентификациялауды қиындату үшін істеледі.

ҚҰЖАТ (Документ) – заттай дәлелдеме ғана емес, істің мән-жайлары үшін маңызы бар ақпаратты тасымалдаушы болып саналады. Құжаттың заттай дәлелдеме ретіндегі түсінігіне, әдеттегі ақпарат тасымалдаушылары – қағаз, диск ғана емес. Сондай – ақ кез – келген құралдар: балғары, фанера, пластика және басқалары кіреді.

ҚҰСЫНИ ЖАЗУ (Каллиграфия) хат жазудың әдемі өнері. Криминалистикада 18 ғасырдың соңынан 19 ғасырдың басынан бастап қылмыстық істерді тергеуде құжаттарды зерттеуде каллиграфиялық әдістер пайдаланады. Сот отырысында қолжазбаларды зерттеу қажет болған кезде оған мұғалемдерді, таза жазудың ұстаздарды шақырып қолжазбаларды, қол таңбаларды тексерген.

ҚАТПАРЛАНУ (Наслоение) – трассологияда, іздердің қалыптасу процесіне байланысты бір объектінің материалдарын із қабылдаушы объектінің үстіңгі бетін алып беру.

ҚҰЛЫП (Замок) – шкафтарды, сейфтерді, жәшіктерді үй – жайды және басқа да объектілерді бекетіп тастау үшін арналған құралғы. Криминалистикада трассология сараптамасын бір түрі – Қ. зертеудің мағынасы өте зор. Қ-ты бірнеше негізде топтастырылады, мыс., объектіге бекеткіш тәсілі бойынша; атқаратын міндеті бойынша; механизмнің жүйесі бойынша және т.б. Қылмыскерлер Қ. ашудың (бұзудың) әр түрлі тәсілдерін пайдаланады. Қ. ашуды (бұзудың) тәсілдерін зерттеу идентификациялау мақсатында пайдаланылады.

ҚОРҒАНЫШ СЕТКА (ТОР СЫЗЫҚ) (Защитная сетка) – құжаттар жасайтын қағазға фабрикалық тәсілмен түсірілетін жіңішке сызықтардың тұратын күрделі өрнек түрінде құжаттарды жалған жасаудан қорғайтын арнайы әдіс.

ҚОЛ ҚОЮДЫҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫ (Изменение подписи) - әдейлеп (автордың өзі арамдық оймен) және әдейі істелмеген (білгілі уақыт өткеннен кейін және де «жаңылыстыру факторлерінен» пайда болатын) болып ажаратылады.

ҚОЛЖАЗУДЫҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫ (Изменение почерка) – қолжазу белгілерінің өзгеруі, басқа адамның қол жазуына еліктеп сол сияқты орындау. Қолжазуды әдейі өзгерту, жазған адамды идентификациялауды қиындату мақсатында жасалады.

ҚОСЫП ЖАЗУ (Дописка) – құжаттағы бос орындарға жаңа жазулар немесе жеке штрихтар енгізу арқылы құжаттың алғашқы мазмұның тәсілі.

ҚАЙТАЛАМА САРАПТАМА (Повторная экспертиза) – бастапқы сараптаманың қорытындысымен дәлелді түрде келіспеген кезде, егер сарапшы тұжырымының (қорытындысының) дұрыстығына күмән келтірілсе, соның ішінде оның негізсіз болғандығынан немесе сараптаманытағайындау мен жүргізуде елеулі іс жүргізу

кателектері болған кезде сол объектілерді зерттеу, сол сұрақтарды шешу үшін жүргізілетін сараптама.

ҚОРЫТЫНДЫ БЕРУДІҢ МҮМКІН ЕМЕСТІГІ (Невозможность дать заключение) – сарапшының алдына қойылған сұрақ оның құзыретіне жатпаған, не болмаса, зерттеуге берілген материалдар зерттеу үшін жарамсыз (жеткіліксіз) не сұрақты шешудің әдістемесі жасалмаған жағдайларда беріледі.

ҚОСЫМША САРАПТАМА (Дополнительная экспертиза) – бастапқы сараптама тұжырымының жеткілікті анық емес немесе сарапшының алдына қойылған сұрақтардың толық шешілмеуі, сондай – ақ алдыңғы сарапшылық зерттеуге байланысты қосымша сұрақтар қою қажеттілегі болған жағдайларда жүргізіледі. Мына мақсатта жүргізіледі: бастапқы сараптаманың зерттеген объектілерін қайта зерттеу арқылы жаңа сұрақтарды шешу үшін: қосымша материалдар алдыру арқылы бастапқы сараптамады шешілмеген сұрақтарды шешу үшін.

ҚҰЖАТТАРДЫҢ СОТ САРАПТАМАСЫ (Судебная экспертиза документов) – криминалистикалық сараптамалардың кеңінен тараған түрі. Оның тақырыбы құжаттарды дайындаумен, олардың мазмұнын өзгертумен, мәтіндер мен өзге де белгілердің оқылуын қиындататын жағдайлардың пайда болуымен байланысты және заңда белгілердің оқылуын қиындататын жағдайлардың пайда болуымен байланысты және заңда белгіленген тәртіппен құжаттарды техникалық – криминалистік зерттеу саласындағы арнаулы танымдар негізінде анықталатын фактілерден тұрады. Құжаттардың техникалық – криминалистік мәні - әр қилы заттар, онда тілдік таңбалар мен адамның ойы, оқиғалар мен фактілер басылған, құжаттардың материалдары – тілдік таңбалардың басылу (белгілеу) заттары мен аспаптары, оның мазмұны – белгілі бір заңдық зардаптары бар жағдаяттар туралы мәліметтер.

ҚҰЖАТТАРДЫ СОТ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ (Судебно-техническое исследование документов) – криминалистиканың, сондай-ақ жаратылыстану мен техникалық ғылымдардың деректеріне негізделген сарапшылық білімнің саласы. Құжаттарды дайындау немесе олардың мазмұнына өзгерістер енгізу жағдаяттарына қатысты деректері бар материалдар зерттеледі.

ҚОЛЖАЗУДЫҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫ, ӨЗГЕРМЕЛІГІ (Вариационность почерка) – қолжазуды орындау шартына бейімделумен байланысты субъектінің тұрақты қолжазу түрін өзгертуі.

ЛЮМИНЕСЦЕНЦИЯ. Люминесценттік талдау арқылы әр түрлі құрамнан тұратын заттарды дифференциялауға /бөліп жазуға/, көзге көрінбейтін жазбаларды оқуға, кейбір заттардағы өте ұсақ дақтарды көруге болады. Криминалистік лабораторияда осындай айғақ заттарды ультракүлгін сәулеледе зерттеу үшін әртүрлі кварцтық шамдар /УО-1, ОМ-8, ЛюМ-1/ пайдаланады.

Ультракүлгін сәулелер /400-ден – 200-ге дейінгі нм/ криминалистикада көзге көрінбейтін көріністерді салқын сәулемен әсер етіп қозғау /люминесценциялау/ арқылы көріп анықтау үшін пайдаланады. Ультрасәулелер арқылы зерттеу нәтижесін арнаулы құралдарды /электронды оптикалық өзгерткіш, не флуориметр/ пайдаланып көзбен көріп оны бекіту үшін фотосуретке түсіріп алуға болады.

ЛОКАЛЬДЫ ІЗ (След локальный) – байланысқа түсу кезіндегі объектілердің маңында пайда болатын із.

МӘЙІТТІ ӘРЛЕУ (Туалет трупа) – мәйіт табылған кезде, жеке басын анықтау шаралары жүргізіледі. Егер, танытуға көрсету немесе таныту үшін суретке түсірер алдында мәйіттің бет-әлпеті адам көргісіз қалыпта болса, ол сот-медициналық дәрігермен мәйіттің беті әрленіп қалпына келтіріледі.

МАҚСАТҚА АЛЫНҒАН ОБЪЕКТ (Целевой объект) – бақылау жүргізілетін объект.

МӘЙІТТІК ҚҰБЫЛЫСТАР (Трупные явления) – мәйіт табылған кезде, мәйітте пайда болған алғашқы құбылыстар анықталады. Мәйіттік құбылыстарға: мәйіттің сууы, мәйіттік дақтар, мәйіттің сіресуі, мәйіттің кебуі, мумификация жатады.

МАСИТАНУ, МАСАЙРАУ (Опьянение) – алкогольдік ішімдіктің әсерінен адамның психикасының бұзылуы және осыған байланысты пайда болған патологиялық жағдай. Бұл патологиялық жағдай ойдың бұлғырттануы, галлюцинаторлы лағу, психомоторлы қозу, алаңдап қорқу эффектілерімен сипатталады. Мұндай жағдайда сонымен қатар зейіннің бұлыңғыр боп, ойдың күнгірттенуі байқалады. Осындай патологиялық масайрауда адам өз әрекетіне есеп бере алмауы мүмкін деп санауға болады. Сондықтан қаралып отырған жағдай психиатриялық экспертиза тағайындауға негіз болады.

МОНОДАКТИЛОСКОПИЯ – дактилоскопияның бір бөлімі. Монодактилоскопиялық тіркеуде қолдың бір саусағының папиллярлы өрнек белгілері пайдаланылады /қолданылады/.

МӘЙІТ ТАБЫЛҒАН КЕЗДЕГІ ЖАТҚАН ЖЕРІ (Ложе трупа) – мәйіттің киімін қарап біткен соң және мәйіттің позасын бекіткеннен кейін зерттеледі.

МАТЕРИАЛДАРДЫ, ЗАТТАРДЫ КРИМИНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ (Криминалистическое исследование материалов, веществ) – криминалистік техникадағы бағыт. Әр түрлі объектілерді, қылмыстың іздерін, боялған беттерді, талшық материалдарын, топырақты және т.б. анықтау, алу, бекіту, зерттеу бойынша ұсынымдар дайындайды.

МАТЕРИАЛДЫ БЕКІТІЛГЕН БЕЙНЕ БОЙЫНША ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАУ (Идентификация по материально-фиксированному отображению) – криминалистік идентификация түрлерінің бірі. Із қабылдаушы объектіде қалдырылған із бойынша өзін-өзі түсіруші объектіні идентификациялау. Атылған оқтағы қалған – ойық, тетік /белгілер/ бойынша тапаншаны идентификациялау.

МАСШТАБТЫ ФОТОТҮСІРІЛІМ (Масштабная фотосъемка) – объектілерді олармен бір жазықтықта орналасқан масштабпен фотосуретке детальды түсіру. Түсірілген фотосурет бойынша объектілердің өлшемін анықтауға мүмкіндік береді.

МИКРОІЗ (Микрослед) – криминалистикада із қалыптастырушы объектінің рельефінің үзіндісінің кескіні. М. зерттеумен микротрассология айналысады.

МИКРОТРАССОЛОГИЯ (Микротрассология) – микробөлшектер мен микроіздерді зерттеудің әдіс және құралдарын оқып білетін трассологияның бөлімі.

МИКРОБӨЛШЕКТЕР (Микрочастица) – жан көзбен көріп, нысаны мен өлшемін анықтау мүмкін емес, көріп тануға болатын материалдық объект. Белгілі ереже бойынша оның өлшемі 2 мм-ден аспауы керек.

МЕХАНОГОМИЯ – адамның денесінің, оның киімінің, аяқ киімінің қасиеттерін бейнелеп көрсететін, іздерді кешенді оқып білетін, трассологияның бөлшегі.

МЕХАНОСКОПИЯ – бұзу қаруларының, құрал-саймандар мен механизмдердің іздерін оқып білетін, трассологияның бір бөлігі.

МИКРООБЪЕКТІЛЕР (Микрообъекты) – өлшемдері 2 мм-ден аспайтын, жай көзбен көргенде көрінбейтін немесе нашар көрінетін объектілер. Микроіздер, микробөлшектер және микромөлшерлі заттар болып ажыратылады.

МИКРОСКОПИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ (микроскопические методы исследования) – микроскоптың көмегімен микрообъектілерді зерттеу. М.з.э. сараптық тәжірибеде қолданылады.

МАШИНКАМЕН ҚОСЫП ЖАЗУ (Допечатка) – бос орындарға – жолдардың, сөздердің, бөлекше белгілер аралығына жаңа белгілер еңгізу арқылы машинкамен басылған құжатты өзгерту тәсілі.

МОРФОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕР (Морфологические признаки) – объектінің ішкі және сыртқы құрылысын көрсететін белгілер (мыс., қол папиллярлы өрнектерінің белгілері). М.б. көбінесе сараптамалық зерттеулерде пайдалынады.

МАМАН (Специалист) – тергеуге және сот әрекеттеріне маман ретінде қатысу үшін іске мүдделі емес, дәлелерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ техникалық құралдарды қолдануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар адам.

МАТЕРИАЛДАРДЫ САРАПТАМАҒА ДАЙЫНДАУ (Подготовка материалов для экспертизы) – сарапшылық зерттеу объектілері – сараптама жүргізуге қажетті материалдарды (заттай дәлеледемелер, үлгілер, алғашқы мәліметтер) жинау, дайындау және рәсімдеу бойынша іс жүргізу мен техникалық әрекеттердің жүйесі.

НАЙЗА (Штык ; пол. sztych кесілген) – автомат, винтовка ұңғысының ауызғы жағына жалғастырып жасаған кесетін, жаныштайтын суық қару. Найзаның түрлері: қырлы, сүйір, ажаратылмайтын және найза пышақ.

НАҚТЫ БІР ҚЫЛМЫСТЫ ТЕРГЕУДІ ЖОСПАРЛАУ (Планирование расследования конкретного преступления) – тергеу жоспарлауының негізгі түрі. Жоспарлау үстінде тергеушінің міндетті түрде ескеретін шартты принциптері: жоспардың индивидуалдығы, нақтылығы, серпінділігі, жоспарланған шаралардың іске асу айқындылығы, заңдылығы және қолайлылығы. Жоспарда қолданатын шаралар ғана қарастырылып қоймай, сонымен қатар істі нақты орындау мерзіміде қарастырылуы қажет.

Бригадалық тергеу әдісі кезінде құрама жоспар құрылады және әрбір тергеуші үшін жеке жоспар құрылады.

ОЙДАҒЫ БЕЙНЕ БОЙЫНША ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАУ (Идентификация по мысленному образу) – криминалистік идентификацияның бір түрі. Ойдағы бейне бойынша идентификациялау мәні, кей жағдайда бір объект немесе субъект бар, белгілерде бар, ал екінші объектінің, субъектінің белгілері де жоқ. Ол тек қана ойда. Сондықтан да ойындағы белгі бойынша нақты сол объекте соны анықтау, көзбен көріп салыстыру. Мыс: қылмыскерлердің бетәлпетін жәбірленуші ойында сақтап қалады, кейіннен көзбен көріп нақты сол қылмыскер ме, жоқпа соны сәйкестендіреді.

ОРГАНОЛЕПТИКАЛЫҚ ӘДІСПЕН ЗЕРТТЕУ (Органолептический метод исследования) – заттың, нәрсенің қасиеттерін субъективті жолмен айырып сезу/иісі, не дәмі бойынша т.б. жолмен/

ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДІ ҚАРАУ (Осмотр места происшествия). О.б.ж.к. — ол қылмыс әрекетінен пайда болған іздерді, айғақ заттарды тауып алу, бекіту және осы жердің жалпы жағдайын талдап зерттеу арқылы қылмыстың механизмін болжауға, болған қылмыстың мән-жайын анықтауға бағытталған кідіртпей жүргізілетін тергеу әрекеті. Заң бойынша бұл тергеу әрекетін іс қозғамай тұрып жүргізуге болады. Криминалистік тұрғыдан алғанда бұл тергеу әрекеті үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде дайындық жұмыстары жүргізіледі. Мұндай дайындық жұмыстары О.б.ж.к-ға шықпай тұрып және оқиға болған жерге келгеннен кейін жүргізіледі. Оқиға болғаны жөнінде хабар алысымен тергеуші о.б.ж. өзі келгенше сол қалпында сақтау үшін арнайы қорғау жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде белгілі лауазымды адамдарға/полиция қызметкерлеріне нұсқау береді. Жедел топ құрып, қарауға қатынасатын адамдарды анықтап оларға оқиға болған жерге бару жөнінде хабар береді. О.б.ж. қ-ға керекті құрал-саймандарды дайындап алады. О.б.ж.к-ға келісімен тергеуші егер осы жерде жарақат алған жәбірленуші болса, оған жедел медициналық жәрдем көрсетумен шұғылданады. Өзі келгенше О.б.ж-де қандай өзгерістер болғанын сұрап, ондай өзгерістер қандай жағдайға байланысты болғанын анықтайды. Кейбір жойылып кетуі мүмкін болған іздерді сол күйінде сақтап қалуын қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізеді. Осыдан кейде куәгерлерге және қарауға қатынасатын лауазымды адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, лауазымды адамдарға қандай жұмыстарды істейтіндігін айтып оларға нұсқау береді. Екінші кезеңде О.б.ж. қарау және зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Қараудың бірінші сатысында О.б.ж.к. жалпы шолып қаралады да, екіншісінде - әр жеке объект нақтылап детальді түрде қаралады. Осыған байланысты қолданылатын қарау

әдісі де статикалық және динамикалық болып екіге бөлінеді. Басында оқиға болған жердің жағдайы объектілердің орналасуы жалпы шолып қаралады, ешнәрсе орнынан қозғалмайды, жалпы статикалық қарау әдісі қолданылады. Бұдан кейін әр объект детальді түрде нақтылап қаралады, ол объектілер қолға алынады және басқа да қозғалмалық /динамикалық/ жұмыстар жасалады.

Үшінші кезеңде қарау жұмыстарының қорытындысы тұжырымдалып осы жөнінде арнайы құжат жазылады/хаттама/. Қарау үстінде іздерді іздеп, бекітуге байланысты істелген бар жұмыстар, қолданылған тәсілдер және осыған байланысты пайдаланылған техникалық құралдар хаттамада толық көрсетіліп жазылуы керек. О.б.ж. қ. үстінде жедел-іздістіру жұмыстары да жүргізіледі. **ОПЕРАЦИЯ** (лат. Operatio - әрекет) – 1. әрекеттің өлшемі ситуациялық жағдайға /сыртқы және ойша/ байланысты жасалатын әрекеттің тәсілі: 2. денеге механикалық әсер ету арқылы жасалатын емдеудің түрі: 3. әскерлердің стратегиялық бар мақсатты соққысы мен ұрыс қимылдарының жиынтығы;

4. жеке әрекеттер.

ОДОРОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА (Одородологическая экспертиза) - адамның өзіне тән ісі бойынша сол адамды идентификациялау. Қазіргі мезгілде адамның ісін жіктеп, талдап зерттейтін оның құрамын салыстыратын, тепе-теңдігін не ұқсастығын табатын арнайы инструментальды жалпы теориялық методикалық әдіс болмағандықтан мұндай идентификациялық экспертиза жүргізілмейді. Тек иттің табиғи, иісті сезгіш биодетекторлық қабілетін пайдаланып, оны қылмыскерді ізіне түсіріп, қылмыскерді іздеп тауып ұстауға жедел-іздеу жұмыстарында пайдаланады.

ОБТЮРАЦИЯ (лат. obture - жабады, тығындайды) - сот баллистикасында оқтың, патрон, тығынының, оқ-дәрінің пайда болған газдың оқпанның ішкі стени арқылы өтпеуіне кедергі болатын қасиеті.

ОБЪЕКТИВТІ ШЫНДЫҚ (Объективная истина) - қылмысты істер тіркелгенде және сот мәжілісінде қарағанда анықтама жүргізуші органның тергеушінің, сотта жауапқа тартып отырған адамның ашылған, тағылған айыпқа, кінәлі, я кінәсіз екені жөніндегі шешімнің әділеттілігі. Қылмысты істер жүргізу заңы бойынша объективті шындықты дәлелдеу тергеушінің және соттың негізгі міндеті.

ОҚ (Пуля) - криминалистік баллистиканың зерттеу объектілерінің бірі болып табылатын патрондағы бірыңғай зеңбіректер. Оқтың: қабықты, жартылай қабықты, шолақ, сопақша, жүрек тәріздес түрлері болады.

ОҚ-ДӘРІ БАЛЛИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА ОБЪЕКТІСІ ретінде (Порох как объект баллистической экспертизы) — патронның қажетті құрамдас бөлігі болып табылатын криминалистік баллистиканың объектісі.

ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДІ ҚАРАУДЫҢ КОНЦЕНТРЛІК ӘДІСІ (Концентрический метод осмотра места происшествия) - тергеуші қарауды О.б.ж.қ.к.ә. шетінен бастап спираль бойынша оның ортасына қарай жүргізеді. Концентрлік әдіс О.б.ж.қ.к.ә. шетіндегі іздердің жоғалып кету қаупі туындаған кезде немесе қылмыстың шоғырланған жерін анықтау мүмкін емес жағдайларда қолданылады.

ПАТРОН - криминалистік баллистиканың зерттеу объектілерінің бірі болып табылады. Патрондар: атылатын оқтар және бос оқтар болады. Қарудың түріне қарай олар: тапаншаның, револьвердің, автоматтың және т.б. оқтары болып бөлінеді. Аңшы мылтығы оғының құрамы гильзадан, капсюльден, порохтан /оқ-дәріден/, тығыннан, снарядтан және прокладкалардан тұрады. Унитарлы - гильзадан, капсюльден, порохтан және снарядтан /оқ/ тұрады.

ОДОРОЛОГИЯЛЫҚ СҰРЫПТАУ (Одородологическая выборка) - із қалдырушының иісінің ізі арқылы объектілерді қызметтік-іздістіру ітін пайдаланудағы тактикалық және техникалық әдіс жиынтығы.

ОҚ ГИЛЬЗОТЕКА (Пуля гильзотека) — криминалистік есептің бір бағыты, ашылмаған қылмыстар бойынша оқиға болған жерден, өліктен алынған атылатын қарудың іздерімен оқтардың, гильзалардың коллекциясы болып табылады.

ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДІ ҚАРАУДЫҢ ТАҢДАУ ТӘСІЛІ (Выбор приема осмотра места происшествия) - негізінен жекелеген учаскелерді қарауға көңіл бөлінеді. Таңдау тәсілі ситуацияға байланысты қолданады және қылмыс болған жердің қоршаған ортасын зерттеудің қосымша тәсілі ретінде қарастырылады.

ОҚ ГИЛЬЗАСЫ (Гильза патрона) - оқ бөлшегі; оқты және капсюльді бекітуге, жарылғыш затты сыртқы әсерден сақтауға және бекітуге арналған. Сот баллистикасында ату қаруларының бөлшектерінен қалған іздер бойынша ату қаруының жүйесін, моделін, және нақтылы қаруды анықтау туралы мәліметтердің қайнар көзі.

ОҚ АТУ КЕЗІНДЕГІ ЫС (Копоть выстрела) - жақыннан ату кезіндегі объектілердің бетінде қалған заттардың жинағы. Олар капсюльдің жанғыш құрамынан, оқ пен гильзаның металының және жағылған майдың қалдығынан, оқ-дәрінің жанып кеткен заттарынан тұрады.

ОЙЫҚТАР, КЕРТІКТЕР (Нарезы) - атыс қаруының ұңғысының ішкі қабырғасының бетіндегі бұранда (сызық) тәрізді, оққа айналдырма қозғалыс беру үшін жасалған арнайы каналдар.

ОҚ-ДӘРІ (Боеприпасы) - криминалистік баллистика объектілеріне қатысты жинақталатын түсінік. Оқ-дәрі түсінігіне: патрон, гильза, порох, капсюль, снарядтар /бытыра, картечь, оқ / жатады.

ӨЛІКТІ ҚАРАУ (Осмотр трупа) - өлікті табылған жерде қарау ол тергеу қарауының бір түрі. Ө.қ. жұмысын тергеуші куәгерлердің, сот медицина саласының маманы, не дәрігердің қатысуымен жүргізіледі. Ө.қ. тергеу әрекетімен қамтылады. Ө.қ. үстінде анықталатын мәселелер: өліктің дене тұрысының/қалпы/, сыртқы кейпі, өлік белгілерінің қалыптасып пайда болуы, өліктің нақты қай жерде жатқандығы, өліктің жынысы, шамамен айтқанда оның жасы, үстіндегі киімі және оның жағдайы, денесіндегі жарақаттар және олардың қай жерде орналасқаны. Мұны мен қатар өліктің денесінде басқада заттардың болуы/асылып өлсе, мойнындағы жіптің ілмегі, одан қалған странгуляциялық із және т.б/. Өлікті сот-медициналық зерттеу алдында өліктің сыртқы келбеті қаралады.

ӨНДЕУ (Травление) - жалған құжат жасау әдісінің бір түрі. Жазуларды химиялық реактивтер қолдану арқылы өшіруге бағытталған әрекет. Жасалаған реакциялар нәтижесінде жазу штрихтары көзге көрінбейді. Өндеу белгілері.

ӨЛІМНІҢ БОЛҒАН УАҚЫТЫ (Давность смерти) - өлімнің басталу уақыты. Өліктік құбылыс, өліктік фаунаның дамуы және де басқада белгілер арқылы анықталады.

ӨЛШЕП ТҮСІРУ ӘДІСІ (Измерительная съёмка) - криминалистік техникадағы сот - оперативті түсіру әдістерінің бірі. Ө.т.ә. объектілердің ұзындығын көлемін немесе олардың ара-қашықтығын анықтап білу үшін қолданатын әдіс. Ө.т.ә. масштабты және метрлік болып екі түрге бөлінеді. Объектілерді масштабты түсіру кезінде оның жанына міндетті түрде масштабты сызғыш қойып түсіріледі. Масштабты түсіру түсірілетін объектілердің көлемін анықтауға арналған әдіс. Метрлік түсіру объектілердің тереңдігін, орналасу және өзара қашықтығын анықтап білу мақсатында қолданатын әдіс.

ӨЛІКТІҢ СІРЕСУІ (Окоченение трупное) - биохимиялық процестердің әсерінен дененің қаңқасы және бұлшық еттер қатайып сіреседі. Бұл белгі адамның қашан өлгенін айырып табуға пайдаланылады.

ОПЕРАТИВТІ БАҚЫЛАУ (Оперативное наблюдение) - құпия жүргізілетін жедел-ізвестіру әрекеттерінің бір түрі. Қылмыстың алдын алу үшін оперативті тұрғыда маңызы бар объектілерді жасырын түрде бақылау. Мұндай жедел-ізвестіру әрекеті көзбен шолып бақыланады, ал кейбір жағдайда бақылау арнайы оперативті техника қолдану арқылы жүргізіледі.

ӨЗІНДІК БЕЛГІ (Специфический признак) — үлкен мәні бар, сирек кездесетін белгі. Белгінің бұл ерекшелігін сарапшы белгінің пайда болу механизмі туралы білімге және сараптаманы жүргізу тәжірибесі негізінде анықтайды.

ПСИХИКАЛЫҚ РЕМИНИСЦЕНЦИЯ (Психическое реминисценция) - мәліметтерді есте сақтап қалу және еске түсіру мен байланысты құбылыс. П.р. кезінде адамның есте сақтау қабілеті оянады және бұрынғы естен шығып кеткен жағдай қалпына келеді. Р. мүмкіндігін ескере отырып қайта жауап алу әрекеттерін жүргізуге болады.

ПЛАСТИЛИН - бұзу құралдарымен қалдырылған көлемді іздерді алу мен бекіту үшін арналған ғылыми-техникалық құралдардың бірі.

ПОРТРЕТТІ ИДЕНТИФИКАЦИЯ НЕМЕСЕ АДАМДЫ СЫРТҚЫ БЕЛГІЛЕРІ БОЙЫНША КРИМИНАЛИСТІК СӘЙКЕСТЕНДІРУ (Портретная идентификация или криминалистическая идентификация человека по признакам внешности) — криминалистік идентификация теориясына және тікелей адамның анатомиялық белгісі жөніндегі мәліметтерге негізделеді.

ПЕРХЛОРВИНИЛДІ ПЛЕНКА (Перхлорвинильная пленка) - іздерді алу мен бекіту үшін арналған ғылыми-техникалық құралдардың бірі. П.п. көмегімен кез-келген беткі қабатты іздерді және әртүрлі заттарда қалған іздерді көшіріп алуға болады.

ПСИХИКАЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ (Психологические воздействия) — тінтілетін және жауап алынатын адамның психикалық ішкі сезіміне заңды түрде әсер ету.

ПИРОМАНИЯ (грек. Pur-өрт және mania-естен адасушылық, ақылсыздық) — өртке ырықсыз патологиялық талпынудан туындайтын тежелмейтін ақылсыздық құмарлық.

ПАПИЛЛЯРЛЫ ӨРНЕК (Папиллярные узоры) папиллярлы сызықтардан құралатын өрнек. Папиллярлы өрнек үш негізгі түрге бөлінеді: 1) доға тәріздес; 2) ілмек тәріздесі; 3) шеңбер тәріздес.

ПАПИЛЛЯРОСКОП (Дактилоскоп)—папиллярлы өрнек іздерін салыстырмалы және үлкейтілген түрде зерттеу үшін қолданылатын оптикалық құрал.

ПЕРЛЮСТРАЦИЯ (лат. perlustro – көз жеткіземін, байқап қараймын) —пошта корреспонденциясы арқылы жіберілген құпияны ашу.

ПАЛЬМОСКОПИЯ (лат. palma-алақан және грек, skoreo қараймын)—алақанның папиллярлы сызығын зерттейтін дактилоскопияның бір бөлімі.

ПАНОРАМАЛЫҚ ТҮСІРУ (Панорамная съемка)—сәт фотографиялық түсіру әдістерінің бірі. П.т. - үлкен кеңістікті, не үлкен көлемді объектіні бөлшектеп түсіріп, кейін ол бөлшектерден бір панорамалық фотосурет шығару. Мыс., Кейбір ұзыннан-ұзақ созылып жатқан немесе биік объектіні түсіру қажет болған жағдайда/бір кадрге сыймайтын/ объектіні бөлшектеп түсіріп, кейін ол бөлшектерден бір панорамалық фотосурет шығаруға болады. П.т. тұзу сызықты және шеңберлі болып екіге бөлінеді.

ПАНОРАМАЛЫҚ ТҮЗУ СЫЗЫҚТЫ ТҮСІРУ ӘДІСІ (Панорамная линейная съемка) бір сызықтың бойымен кемінде үш нүктені объектіден бірдей қашықтықта белгілеп алып түсіру арқылы бір фотосурет шығару.

ПРОЦЕССУАЛДЫ ЕМЕС ІЗДЕСТІРУ ӘРЕКЕТТЕР (Розыскные непроцессуальные действия) – бұл әр түрлі инстанцияларға сұраулар жіберу, хабары бар тұлғалармен әңгімелесу, кәсіпорындарда, мекемелерде тексерулер жүргізу.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС (Психологический контакт) - жауап алу кезінде сақтауды талап ететін маңызды тактикалық ереже. Криминалистикада оның әр түрлі анықтамалары бар. 1) психологиялық байланыс - сенімге негізделген жауап алушы және жауап берушінің өзара әрекет ету жүйесі ретінде қарастырылады; 2) психологиялық байланыс тергеу процесі қатысушыларының жауап беруші, тінтілуші және басқаларының жүріс тұрысын анықтайтын, олардың психологиялық ерекшеліктерін түсіндіретін факторлар жүйесі.

ПРОЦЕССУАЛДЫ ІЗДЕСТІРУ ӘРЕКЕТТЕРІ (Розыскные процессуальные действия) айыпталушыға іздестіру жариялау, анықтама органдарына іздестіру тапсырмаларын және нұсқауларын беру, қоғамды іздестіруге қатысуға тарту.

ПАПИЛЛЯРЛЫ ӨРНЕКТИҢ ДЕЛЬТАСЫ (Дельта папиллярного узора) — папилляр сызықтарының үш ағынының барынша көп жақындасуынан құрылған папилляр өрнегінің деталі. Сызықтардың шеткі ағындары ұшбұрыштықты еске түсіретін фигура құрастыруы мүмкін. П.ө.д. папилляр аймағын ажырату үшін, оларды топтастыру үшін, сонымен қатар салыстырмалы зерттеуде негізгі пункт ретінде пайдаланылады.

ПАПИЛЛЯРЛЫ ӨРНЕКТИҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛШЕГІ (Морфологические детали папиллярного узора) - сызықтардың шеттерінің формалары (шоқылар, шұңқырлар), сызықтардың формаларының ерекшеліктері (бұрылыстар, бүткістер), ұзындық ауытқулары және айырлар қисындастырулары, (ілгекшелер, көпіршелер, көзшелер) сызықтардың қосарлануы (айыр), екі (жіңішке сызықтар) мен оның ұзындығының айқын ауытқуы (нүкте, үзік), оның үзілістері, папилляр сызықтарының басталған жері мен аяғының әртүрлі түрлері. Папилляр өрнегінің құрылымының ерекшеліктері мен тұрған орны, оның идентификациялық жекеше белгілерінің жүйесін құрады.

РЕВИЗИЯ (лат. revisio қайта қарау) - қаржы шаруашылық қызметті тексеру; халықаралық шартты тараптардың келісімімен қайта қарау. Р. қаржы бақылау комитетімен жүзеге асырылады. Р. түрлері: жоспарлы және тергеу органдарының тапсырмалары бойынша жоспардан тыс болады. Қаржы шаруашылық әрекеттері толық немесе ішінара тексерілуі мүмкін. Ревизор қылмыстық іс қозғауға және тергеу ісіне дәлелдемелік негіз болатын тексеру нәтижесі жөнінде акт шығарады.

РЕПРОДУКЦИЯЛЫҚ ТҮСІРУ (Репродукционная съемка)—сәт фотографиялық әдістің бір түрі. Р.т. тегіс беттегі объектілерді: қағаз, құжат, схема, мәтін, сурет, чертеждарды тіке үстінен түсіру арқылы алынады.

СУРЕТТЕРДІ ҚАЙТА АУЫСТЫРУ (Переклейка фотографии) —жеке басты куәландыратын жалған құжат жасау әдісі. Фотосуретті өзгертудің белгілері: баспа таңбалары шеңберінің құжат жазықтығына сәйкес келмеуі.

СЕЗУ МҮШЕЛЕРІ (Органы чувства)—субъектінің қоршаған айналадағы ортада /экстрорецептік/ және субъектінің организмінде /интерорецепция/ болған өзгерістерді сезетін және қабылдайтын нервтердің құрылысы. Сыртқы сезім жүйесінің мынандай түрлері бар - көру, есту, дәм сезу қабілеттігі, сыртқы ортаның әсерін дененің сезуі. Осы жүйенің бір түрінің өзі әр түрлі әсерлерді сезіп қабылдай алады. Дененің өзі қысымды, суықты, жылуды т.б. сезіп қабылдап, оған әсер етеді. Сезу органдарының жүйесі рецепторлардан, нерв өткізгіштерден және нерв орталығынан құралады.

СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ (Общая теория судебной экспертизы)-с.с.және сарапшы қызметінің методологиялық деңгейде даму негіздері мен ұштасатын сот сараптама саласындағы ғылыми қағиданың үзіндісі. Сот сараптамасының бар кластарына, тектеріне және түрлеріне бірдей концептуалдық қағидалардан құралады. Бұл ғылыми идея 1960-70 ж.ж. А.Р.Шляховтың А.И.Винбергтың ұсыныстары бойынша қалыптасқан. 1979 ж. А.И.Винберг және Н.Т. Малаховская осы жөніндегі өз пікірлерін егжей-тегжей зерттеп және дәлелдеп тұжырымдаған. Кейінірек, сот - сараптама ғылымының даму үстінде кейбір авторлар сот- сараптамасының жалпы теориясы жөнінде өз концепциясын ұсынған.

СЫРТҚЫ ҚАБАТТАҒЫ ІЗ (Поверхностный след)—екі объектінің байланыста болу нәтижесінде, із қабылдаушы объектінің бет жағы, сырт қабатының өзгеруіне байланысты пайда болатын із. Сыртқы қабаттың өзгеруіне байланысты қатпарлану ізі қалады. Мыс: қолды бояп алып столға бассаң із қатпарланып қалады. Кейде керісінше беткі қабаттың алынуы арқылы із қалады /пайда болады/. Мыс: шаң столды бармақпен бассаң, столда із қалады, ал бармақта шаң қалады.

СТАТИКАЛЫҚ ІЗ (Статический след) —екі объектінің біріне бірі тікелей жанасуы арқылы пайда болатын із. Мыс:, темір мен ағашты бассаң із түседі. Объектілерді сыртқы құрылымы бойынша идентификациялауда статикалық іздің маңызы зор.

СОТ БАЛЛИСТИКАСЫ (Судебная баллистика; нем.ballistik, грек, vallo лақтырамын) криминалистік техниканың бір саласы бола отырып, қылмысты тергеу кезінде ату құралын, оқ дәріні, оның тиген ізін - табу, бекіту және зерттеу арқылы шешілетін сұрақтар мен ғылыми техникалық құралдардың жиынтығы болып табылады. Сот баллистикасының зерттеу объектілері: қолдан жасалған ату құралы, оның бөлшектері және оған тиісті құрал-жабдықтар, оқ-дәрілер, қару қолдану іздері қалған бөгеттер, оқ дайындауда қолданылатын құрал-саймандар, ату қаруының ізі сақталған заттар. С.б. ғылыми негізін криминалистиканың ереже жиынтығынан басқа да, баллистиканың сыртқы және ішкі қару-құралын жасау мәліметтері және басқада білім салалары құрайды.

СУИЦИД- өзін-өзі өлтіру, өзін-өзі өлтірушілік.

СИМУЛЯЦИЯ (лат. simulatio — сырт көзіге, жасанды қылық) —өзінде жоқ ауруды немесе оның жеке белгілерін жасанды бейнелеу. Қасақана симуляция және патологиялық симуляция болып екіге бөлінеді. Қасақана симуляция әдетте пайдақорлық, мақсатты көздейді/әскери міндеттіліктен бұлтару мақсатын, материалдық жеңілдіктерді пайдалану мақсатын, қылмыстық жауапкершіліктен құтылу мақсатын көздейді және т.б./ Патологиялық симуляция адамның ауру жағдайына негізделген және бұл аурудың бір белгісі дәлел болып табылады. /Мыс: Истерия — жүйке, қояншық ауруы/. Симуляциядан аггравацияны бөліп қарау керек. Симуляцияға қарама-қарсы болып диссимуляция табылады.

САЛЫСТЫРМАЛЫ МИКРОСКОП (Сравнительный микроскоп) — криминалистік объектілерлі ғылыми-техникалық зерттеуге арналған құрал. Эксперттік тәжірибеде пайдаланады. Негізінен идентификациялық, мәселелерді шешу кезінде трасологиялық, баллистикалық объектілерге МИС-10, МСК-1 микроскоптары кеңінен қолданылады.

СОТТЫҚ ОДОРОЛОГИЯ (Судебная одорология; лат. odor - иіс және гр. logos — ілім) - адамның жеке басын анықтау мақсатында иісті пайдалануды зерттеу туралы ілім. Әрбір адамның өзіне тән жеке иісі болады. Олар: физиологиялық процестермен байланыстыратын, сондай-ақ өндірістік, тұрмыс тіршілікті және жалпы иісітер болып бөлінеді. 1) Өзіндік иіс - дененің жекеленген жерлерінен шығып тұратын иіс белгілері: /Мыс: алақан, табан қолтық, шат, басынан т.б./; 2) Жеке иіс - барлық жекеленген өзіндік иіс құрамынан құралған адам денесінің иісі; 3)Жалпы иіс - адам киімінің иісі, профессионалдык, жанама иістер: мыс: әтір, сабын, темекі т.б.

СУБЪЕКТИВТІ ПОРТРЕТ (Субъективный портрет)—із-түссіз, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдармен оқиға болған жерден қашып кеткен қылмыскерлерді іздестіру мақсатында субъективті портрет жасалады. С.п. жасаудың криминалистикада төрт түрі бар: 1) суреттелген ;2) композициялық-бейнеленген: 3) композициялық суретке түсірілген; 4) композициялық компьютерлі. С.п. —бейнелеу арқылы шамамен тек ұқсастық анықталады.

САЛЫСТЫРУ (Сопоставление) —екі немесе бірнеше объектілердің өзіне тән белгілерін теңестіріп, салыстырып көру. Салыстырмалы зерттеу әдісі трасологиялық, баллистикалық, құжаттарды-техникалық зерттеуде кеңінен қолданылады.

СОРАП, ІЗ (Колея)- бір ось бойымен жүретін көлік құралы дөңгелектерінің ара қашықтығы.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ ҮЛГІЛЕРІН АЛУ. (Получения образцов для сравнительного исследования)—Қ. Р. қылмыстық іс жүргізу заңында қарастырылған тергеу әрекеті. Бұл тергеу әрекетінің көмегімен қолжазу, мөр, қол, сілекей іздерінің және т.б. үлгілерін алады. Үлгілер идентификациялық және идентификациялық емес (диагностикалық) сараптама тағайындауда қолданылады.

СНАРЯД - аңшылық мылтық және унитарлық патрон үшін бытыра, картель, оқ сияқты криминалистік баллистика объектілеріне жататын патрондардың компоненттері. Бытыра қорғасыннан жасалып диаметрі 5 мм және 10 мм дейін шар тәріздес нысанға ие. Қол өндірісі тәсілімен жасалған батыра және картель әр түрлі

нысанды және көлемді болып, қылмыскермен айналымдағы қол жетерлік материалдардан жасалады.

СТРАНГУЛЯЦИЯЛЫҚ САЙ (Странгуляционная борозда) - адамның денесінде асылу немесе буындыру кезінде тартылған тұзақтан қалыптасқан іздер. С.с. тұйық, тұтастай немесе үзілмелі, шықпалы біреу немесе қос және басқадай болуы мүмкін. Странгуляциялық сайдың сипаты криминалистік маңызға ие. Өйткені, ол көптеген мән жайлар туралы: кісі өлтіру немесе өзін-өзі өлтіру инсценировкасы, жәбірленуші және қылмыскер арасындағы күрес және т.б. туралы пікір қалыптасуға мүмкіндік береді.

СУ БЕЛГІ (Водяной знак) - құжаттарды криминалистік тұрғыдан зерттеуде ауыспалы мағынада пайдаланылатын ұғым: жалған құжаттарды жасау мүмкіндіктерін қиындататын арнайы амал. Құжаттарды жарыққа қарсы ұстап карағанда (қағаздың қалыңдығына байланысты) жақсы көрінетін жазу немесе өрнектер. Құжаттарды дайындау барысында қағазға түсіріледі.

САЛЫСТЫРУ (Сравнение) - криминалистік ғылыми зерттеулерде, тергеу, сот, сарапшылық тәжірибелерінде пайдаланылатын зерттеудің жалпы ғылыми әдістерінің бірі. Екі немесе одан да көп объектілерге ортақ қасиеттер белгілерді бір мезгілде қатысты түрде зерттеу мен бағалаудан тұрады.

САЛЫСТЫРУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР (Материалы для сравнения) - сараптама тағайындаған органның сарапшыға жіберген немесе зерттеу барысында сарапшының өзі таңдап алған тендестіру объектілері — еркін, шартты-еркін және экспериментальді үлгілер, іс материалдары, заттай дәлелдемелер (айғақтық заттар), үлгілер, техникалық нормалар, модельдер. **САРАПТАМА** (Экспертиза, лат. expertiza — тәжірибелі) — арнаулы білімді талап ететін қандай да бір сұрақты зерттеу.

САРАПТАМА ӘДІСІ (Метод экспертизы) - сарапшының алдына қойылған сұрақтарды шешу үшін деректерді алудың логикалық және инструментальді әдіс-тәсілдерінің жүйесі.

САРАПТАМА ӘДІСТЕМЕСІ (Методика экспертизы) - сот сараптамасының белгілі бір тегі, түрі және түр тармақтарына қатысты фактілерді анықтау үшін сот сараптамасы объектілерін оқып-тануда қолданылатын әдістер жүйесі (тәсілдер, техникалық құралдар).

САРАПТАМАНЫ ЖҮРГІЗУДЕН БАС ТАРТУ (Отказ произвести экспертизу) - сарапшылық мекеме басшысының қажетті құралдардың немесе мамандардың болмауына байланысты сарапшылық зерттеу жүргізудің мүмкіндігі жоқтығы туралы жазбаша хабарламасы. Сараптама тағайындаған органға сараптамаға берілген барлық объектілер мен материалдар жіберіледі.

САРАПТАМАНЫ ЖҮРГІЗУДІҢ НЕГІЗІ (Основание производства экспертизы) - мекеме басшысының сарапшылық мекеме қызметкеріне іс материалдарымен (сараптама объектілерімен) қоса берген сараптама тағайындау туралы жолдаған қаулысы (ұйғарымы) және оған қосымша берілген (сарапшылық мекемелерде) мекеме басшысының (оның құрылымдық бөліністерінің) жазбаша өкімі.

СОТ САРАПТАМАСЫН ЖҮРГІЗУ НЕГІЗДЕРІ (Основание производства экспертиз)—істің кейбір мән-жайларын, сонымен қатар кей объектілерді зерттеп анықтауға арнайы білімді қолдану қажет болған жағдайда тергеуші қаулы, сот ұйғарым шығару арқылы сот сараптамасын тағайындайды. Айтылған құқықтық актілер сараптама тағайындауға негіз болады.

САРАПТАМАНЫҢ АЛҒАШҚЫ МӘЛІМЕТТЕРІ (Исходные данные экспертизы) - 1) сараптаманы тағайындау туралы қаулыдағы не сарапшыға берілген іс материалдарындағы істің мән-жайы немесе сараптық зерттеу объектілерінің қасиеттері жөніндегі мәліметтердің жиынтығы; 2) қорытынды беру үшін сарапшының таңдап алатын ғылыми-техникалық анықтамалық деректері.

САРАПТАМАНЫ ТАҒАЙЫНДАУ (Назначение экспертизы)—ғылымда, техникада, өнерде не басқадай кәсіптік қызметте арнайы танымдарды шешуді талап ететін

іс бойынша сұрақтар туған кезде, тергеушінің анықтаушының, прокурордың соттың, нотариустың сараптаманы тағайындау және қаулы шығару туралы сұрақты шешудегі іс жүргізу әрекеті.

САРАПТАМАНЫ ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗІ - (Основание назначения экспертизы) сараптаманы тағайындаған аламның не органның сұрақты шешуде арнайы танымдарды пайдалану және сараптама түрінде зерттеу қажеттілігі туған жағдайда белгіленеді.

САРАПТАМАНЫ ТАПСЫРУ (Поручение экспертизы) іс жүргізу әрекеті - 1) сараптаманы тағайындау кезінде тергеушінің сараптық зерттеудің нақты орындаушысын (жеке тұлғаны, сараптық мекемені) таңдауы, оған материалдарды беруі. Сараптық мекемеден тыс сараптама жүргізу жағдайында тергеуші (сот) алдымен іс жүргізуші аламның жеке басын, оның құзырлығын тексереді, қаулыда сараптаманы тағайындау және оны кімге тапсыруды көрсетеді; 2) сараптық мекеме басшысының сараптық зерттеудің нақты орындаушысын таңдауы және оған тиісті материалдарды беруі. Таңдау нәтижесі тиісінше қаулыда не сараптық мекеменің шешімінде көрсетіледі. **САРАПТАМАНЫ ЖҮРГІЗУ** (Производство экспертизы) 1) сарапшының қорытындысын дәлелдемелердің көзі ретінде алу мақсатында жүргізілетін іс жүргізу әрекетінің жүйесі. Оған сараптаманы тағайындау, материалдары дайындау және оны жүргізу кіреді; 2) зерттеу жүргізетін сарапшының (сарапшылар ұжымының қызметі), оның барысында сараптама тағайындау туралы қаулыда баяндалған міндеттер шешіледі және тұжырыммен (қорытындымен) аяқталады.

САРАПТАМА ОБЪЕКТІЛЕРІ (Объекты экспертизы) - қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңдарымен белгіленген, материалдандырылған ақпарат көздері қылмыстық не азаматтық іс материалдары. Сараптама объектілеріне заттай дәлелдемелер (айғақтық заттар), өліктің бөліктері, оқиға болған жердің заттары не фрагменттері, үлгілер, әр түрлі іс материалдарында бар басқадай мәліметтер жатады.

САРАПТАМА ОБЪЕКТІЛЕРІН ЖІКТЕУ (Классификация объектов экспертизы) - объектілерді бөлу. 1) мақсаты бойынша - тұрмыстық өндірістік мақсаттағы объектілер, қылмыстық мақсатта объектілер; 2) сот ісін жүргізу және сараптама жүргізу процесіндегі рөлі бойынша заттай дәлелдемелер (айғақтық заттар), үлгілер мен эталондар, басқадай іс материалдары, теңдестірілетін, теңдестіруші объектілер және с.с. жатады.

САРАПТАМАНЫҢ МАҚСАТЫ (Цель экспертизы) - 1) сараптық зерттеу барысында ғылым мен техника жетістіктерін пайдаланатын іс жүргізуші адамдар көмегімен қылмыстық (азаматтық) іс бойынша шындықты анықтаудың сенімді және тиімді құралы болып қызмет ететін сараптаманың іс жүргізу институттары мен сараптық мекемелердің қызметтік мәні; 2) жеке қылмыстық (азаматтық) істе іске асырылатын нақты сараптық зерттеудің мақсаты. Бұл мәністің мақсаты тергеушінің (соттың) қажет еткен фактілері болып табылады, ал сарапшы оны өзінің зерттеу қызметі процесінде анықтауға ұмтылады. Бұл фактілер тергеушінің (соттың) сарапшыға қойылған сұрақтарында шамаланған нысанда белгілемеді және сараптаманың түпкі мақсаты болып табылады. **САРАПТАМА ОБЪЕКТІЛЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ** (Сравнительное исследование объектов экспертизы) - сарапшылық зерттеу процессінің сатысы. Объектілерді бір бірімен, эталондармен, модельдермен, стандарттармен және тағы сол сияқтылармен салыстырудан тұрады. Салыстырмалы зерттеудің міндеті сарапшылық зерттеу объектілерінің бірдейлігін, айырмашылығын, нормалардан ауытқуын анықтау.

САРАПТАМАЛАР ТЕГІ (Род экспертизы) - сарапшылық зерттеудің заты, объектісі және әдістемесі бойынша бөлінетін және сот сараптамасы туралы ғылымның саласына сәйкес келетін сараптамалардың белгілі бір тобы.

САРАПТАМАЛАР ТҮРІ (Вид экспертизы) - объектілер тегі үшін зерттеу затының ерекшелігімен, зерттеудің ерекше әдістемесі және міндеттерімен айрықшаланатын сараптамалар тегінің элементі.

САРАПТАМАЛАР ТОБЫ (Класс экспертиз) - сот сараптамаларының теориялық және әдістемелік негіздерін қалыптастырудың көзі болып қызмет ететін білімнің ортақтастығымен біріктірілетін сарапшылық зерттеулердің тобы. Оларға криминалистік, биологиялық, экономикалық, инженерлік-техникалық т.б. сараптамалар жатады.

САРАПШЫДАН ЖАУАП АЛУ (Допрос эксперта) - тергеушінің (соттың) жүргізетін іс жүргізу әрекеті, оның барысында сарапшы зерттеу жүргізбей тұрып, өзінің қорытындысын (тұжырымын) түсіндіреді.

САРАПШЫЛЫҚ БАСТАМА (Экспертная инициатива) - 1) сарапшының іс үшін мәні бар фактілерді, бұл жөнінде оған тиісінше сұрақ қойылмаса да, өз қорытындысында көрсетудің заңда көзделген құқығы; 2) нақты іс бойынша сараптаманы жүргізу барысында осы жоғарыда аталған құқықты сарапшының мына ретпен іске асыруы: а) берілген объектілерге қосымша зерттеу жүргізу және тергеушінің (соттың) жалпы нысанда қойылған сұрақтары бойынша фактілердің көбірек нақты нысанын анықтау; ә) осы сұрақтарда көрсетілмеген, фактілерді зерттеуде табылған жаңа аспектілерді анықтау.

САРАПШЫЛЫҚ БОЛЖАМ (Версия (гипотеза) экспертная) - тергеушінің (соттың) қажет ететін фактілері туралы белгілі фактілермен келісушілік мүмкіндіктердің бірі жөнінде сарапшының болжамды пайымдауы, яғни тергеуші жоспарлау кезінде ескерілетін, сарапшының алдын ала тексерілуге жататын тұжырымы (қорытындысы).

САРАПШЫЛЫҚ МІНДЕТ (Экспертная задача) - қаулыдағы (ұйғарымдағы) қойылған сұрақтардағы, тапсырмаларды сарапшының орындауы.

САРАПШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІ ШЕШУДІҢ АЛГОРИТМІ (Алгоритм решения экспертного исследования) - сарапшының алдына қойылған сұрақты шешудің белгілі бір жағдайда қамтамасыз ететін ретпен әрекет жасауды ұйғаратын ереже.

САРАПШЫЛЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУДІҢ ДЕҢГЕЙІ (Уровни решения экспертных задач) - сарапшылық зерттеудің процесінде іске асырылатын сарапшылық танымдардың әдістемелік деңгейі. Олар негізгі мақсаттарына қарай диагностикалық жіктеушілік, теңдестірушілік, ситуалогиялық болып бөлінеді.

САРАПШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУ (Экспертное исследование) - сараптамаға берілген объектілерді зерттеу үрдісі. Бірін-бірі жүйелі ауыстыратын сатылардан (кезендерден) тұрады: дайындық (сарапшылық тексеруді қосқанда), аналитикалық (немесе сараптама объектілерін бөлек зерттеу сатылары) синтетикалық (немесе салыстырмалы зерттеу сатылары), зерттеу нәтижелерін бағалау және сарапшының тұжырымын түйіндеу сатылары.

САРАПШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ (Методика экспертного исследования) сот сараптамасы түрінің объектілерін зерттеу әдістерін таңдау мен қолдану бойынша және зерттеудің қажетті материалдық-техникалық базасын қалыптастыру бойынша ұсыныстар жүйесі. Нақты іс бойынша с.з.ә. сараптама түрін зерттеудің жалпы иістемесі мен нақты сарапшылық міндетті ескере отырып сарапшының тәжірибесі негізінде зерттеу барысында қалыптасады.

САРАПШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУДІҢ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДІЛІГІ (Научная обоснованность средств и методов проведения экспертного исследования) - сарапшылардың алдын ала әзірленген ресми мақұлданған және бекітілген әдістемелерді пайдалануы.

САРАПШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУ САТЫЛАРЫ (Стадии экспертного исследования) - өздерінің аралық мақсаттарымен, сарапшылық зерттеудің міндеттерімен және осы мақсаттарға жету құралдарының кешенімен, оның ішінде сараптама әдістерінің кешенімен өзгешеленетін, бірінен соң бірі уақытымен жүретін сарапшылық зерттеу үрдісінің негізгі кезеңдері.

САРАПШЫЛЫҚ ҚАТЕЛЕР (Экспертные ошибки) — сарапшының объективті шындыққа сәйкес келмейтін, сондықтан да сарапшылық зерттеудің мақсатына жеткізбейтін, пайымдаулары немесе оның әрекеттері. С. қ біртекті емес және үш топқа

бөлінуі мүмкін: іс жүргізу сипатындағы қателер, гносеологиялық қателер, қызметтік (операциялық) қателер.

САРАПШЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ (Экспертная технология) сот-сараптама мекемелерінде сот сараптамаларын жүргізудің ең ұтымды және тиімді ережелердің амал-тәсілдердің жиынтығы.

САРАПШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ҮЛГІЛЕР (Образцы для экспертного исследования) - бұл бүтіннің бөлшегі ретіндегі табиғи жаратылған материалдық объект немесе қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіппен сарапшылық зерттеу мақсатында экспериментальды жолмен алынған және анықталған объект.

САРАПШЫЛЫҚ МЕКЕМЕ (Экспертное учреждение) құқық қорғау органдарының талабы бойынша істен хабардар тұлғалардың сот сараптамалары мен сарапшылық зерттеулерді жүргізу үшін құрылған мемлекеттік мекеме.

САРАПШЫЛЫҚ ЖАҒДАЯТ (Экспертная ситуация) — зерттеудің әр түрлі кезеңдерінде сарапшылық міндетті шешудің құрылымын анықтайтын факторлардың жүйесі.

САРАПШЫЛЫҚ ТЕКСЕРУ (Экспертный осмотр)-сарапшылық зерттеудің дайындық немесе талдау сатысында сарапшының жүргізетін сарапшылық зерттеу объектілерін тексеруі.

САРАПШЫЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ (Экспертный эксперимент) - сот-сарапшылық зерттеу процесінің факультативтік сатысы. Нақты фактілерді және фактілер, құбылыстар арасындағы себепті байланысты, із жасау механизмін анықтау: салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер алу; сараптама кезінде зерттелетін объектілердің есепке алынатын ақауларын анықтау: іздің қасиетін зерттеу; қылмыс жасауға себепші болған техникалық сипаттағы себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында тәжірибе жүргізу.

САРАПШЫНЫҢ АЛДЫНА ҚОЙЫЛҒАН СҰРАҚТЫ ШЕШУ (Решение вопроса, поставленного перед экспертом) - 1) сараптама әдістемесінде белгіленген немесе зерттеу барысында сарапшының алдына қойылған сұраққа жауап іздеу процесінде оның өзінің жасап шығарған, белгілі бір ережелер жүйесіне сәйкес іске асырылатын сараптық зерттеу: 1) бұл процестің нәтижесінде сарапшының тұжырымы (қорытындысы) шығады.

САРАПШЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ (Заключение эксперта) - іс жүргізу заңдарында белгіленген сараптама жүргізудің негізі мен шарттары, сараптаманың сұрақтары мен объектілері, сараптық зерттеу процесі мен сарапшының анықтаған нақты мәліметтері көрсетілген жазбаша құжат, дәлелдеменің көзі болып табылады.

САРАПШЫНЫҢ ҚҰЗЫРЛЫҒЫ (Компетентность эксперта) - іс жүргізуші адамның сараптама тақырыбына қатысты сұрақтарды шешу қабілеті (субъективті мүмкіндігі). Сарапшының құзырлығы оның білімі, арнайы даярлығы, міндеттерді шешудегі тәжірибесі, эвристикалық ойлаудағы жеке

САРАПШЫНЫҢ МАҚҰЛДАНҒАН ТҰЖЫРЫМЫ (ҚОРЫТЫНДЫСЫ) (Положительный вывод (заключение) эксперта) - сарапшының кесімді не ықтималды тұжырымы (қорытындысы), онда сарапшының алдына қойылған белгілі бір сұрақтар жайында фактілердің бар екендігі (немесе бар болу мүмкіндігі) бекітіледі.

СОТ БЕЙНЕФОНОГРАФИЯЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная видеофонографическая экспертиза) - түсініксіз және бұзылған жазбалардың мазмұнын: жеке тұлғаны және адамның физикалық қасиеттерін, оның, жасын, білімін, ұлтын, әлеуметтік және этникалық тегін анықтау үшін және басқа да ауызша сөйлеу жазбаларын, фонограмма жасалған дыбыс жазылатын құрылғылардың қасиеттері мен жеке ұқсастықтарын, тұлғаның сөйлеген кездегі психофизиологиялық күйін, фонограмманы жазып алу жағдайларын анықтау үшін тағайындалатын сараптама.

СОТ БИОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная биологическая экспертиза) - биологиялық объектілердің қасиеттері мен белгілерінің пайда болу заңдылықтары туралы білім жүйелеріне негізделген сот сараптамаларының түрі. Б.с-ға зоологиялық, ботаникалық, ихтиологиялық, орнитологиялық сараптамалар, кейде топырақтану және жануарлар өліміне жасалынатын сараптамалар жатады.

СОТ ЖАЗУТАНУ САРАПТАМАСЫ (Судебная почерковедческая экспертиза) - жазбаларды орындаған тұлғаны, сондай-ақ олардың орындалу жағдаяттарын анықтау мақсатында жазудың қалыптасу заңдылықтары мен жазу процесінің жүзеге асу механизмы анықтауға бағытталған сарапшылық білімнің саласы.

СОТ ЖАРЫЛЫСТЕХНИКАЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная взрывотехническая экспертиза) жарылыс құрылғыларын, жарылыс заттарын, жарылыс жағдаяттарын сарапшылық зерттейтін баллистикалық сараптаманың түрі.

СОТ ИНЖЕНЕРЛІК - ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная инженерно-психофизиологическая экспертиза) - бұл сараптама жүргізушінің психофизиологиялық мүмкіндігінің жол-көлік ситуациясы талаптарына сәйкес келуі тергеушіге күмән тудырған кезде, әр қилы анық емес оқиғаларға байланысты: жүргізушіге психологиялық мінездеме беру қажеттілігін тудыратын, жүргізушінің жол – көлік оқиғасына дейін, сол сәтте және одан кейінгі жүргізушінің әдеттен тыс мінез-құлқына байланысты қылмыстық істер бойынша тағайындалатын сараптама.

СОТ ҚҰРЫЛЫС САРАПТАМАСЫ (Судебная строительная экспертиза) - құрылыс объектілерін жобалау, жүргізу, пайдалану және жөндеу процесін сипаттайтын, сондай-ақ құрылыс-техникалық және жобалау-сметалық құжаттамалардың мазмұны болып табылатын деректерді анықтау үшін тағайындалатын сараптама. Зерттеу тақырыбына байланысты түрлері: ғимараттар мен құрылыстарды сот-сарапшылық құрылыс-экономикалық зерттеу және ғимараттар мен құрылыстарды сот-сарапшылық құрылыс-техникалық зерттеу.

СОТ МОЛЯКУЛЯРЛЫҚ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная молекулярно-генетическая экспертиза) - ДНК анализі жолымен жеке адамды ұқсастыруға мүмкіндік беретін геномдық "дактилоскопия" әдісін пайдалануға негізделген сараптама. Бұл әдістің көмегімен шешілетін негізгі міндеттер: жеке адамды, соның ішінде адамның сүйегі бойынша ұқсастыру; әкелікті анықтау; қандас туыстықты анықтау болып табылады.

СОТ ӨРТ-ТЕХНИКАЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная пожарно-техническая экспертиза) - инженерлік-техникалық сараптамалардың түрі. Өрттің шығу жағдаяттарын зерттейді, өрттің шығу себебі мен оның шығуына ықпал еткен жағдайларды анықтайды.

СОТ ПОРТРЕТТІК САРАПТАМА (Судебная портретная экспертиза) портреттік бейнелер бойынша жеке адамның ұқсастығын тану және анықтау болып табылатын криминалистік сараптаманың түрі. 1) сот сарапшылық габитодогиялық зерттеу; 2)

СОТ-ПСИХИАТРИЯЛЫҚ САРАПТАМА (Судебно-психиатрическая экспертиза) - сот психиатриясы саласында арнайы танымдарды талап ететін сұрақтарды шешу үшін тағайындалатын сот сараптамасы. Әдетте заңи мәні бар психикалық бұзылушылықтың бар/жоқтығын анықтау үшін жүргізіледі. С-п.с түрлері: көзі тірі сараптама және іс материалдары бойынша жасалады.

СОТ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА (Судебно-психологическая экспертиза) дені сау адамның психологиялық әрекеттері негізінде анықталатын адамның психологиялық әрекеттеріне жататын және әділ сот органдары үшін мәні бар (фактілерді зерттеу үшін тағайындалатын сараптама.

СОТ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная психолого-филологическая экспертиза) ауызша және (немесе) жазбаша тіл құралдары арқылы әр текті хабарларды қалыптастыру мен жеткізудегі автордың жеке

ерекшеліктерін анықтау мақсатында әр текті мәтін материалдарының мағыналық мазмұнын оқып-білуге бағытталған практикалық қызмет саласы.

СОТ САРАПТАМАСЫ (Судебная экспертиза) - шешілуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында, арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік материалдарын зерттеу.

СОТ САРАПТАМАСЫ ОРТАЛЫҒЫ (ЦЕНТР СУДЕБНОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ) - Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 тамыздағы қаулысы негізінде Қазақ сот сараптамалары ғылыми зерттеу институтының (ҒЗИ) базасында құрылды.

СОТ САРАПТАМАСЫН КОМПЬЮТЕРЛЕНДІРУ (Компьютеризация судебной экспертизы) аспектілері ақпараттар жүйелерін пайдалану және ақпараттарды қайта құру процестері болып табылатын сот-сараптама қызметін ақпараттандырудың қазіргі кезеңі.

СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ БЕЛГІЕРІ (Признаки судебной экспертизы) - белгілі бір объектілер мен заттарға арнаулы білімдерді зерттеу нысанында қолдану; ерекше субъект-сарапшының жүзеге асыруы; іс жүргізу нысанын сақтау: жаңа ақпаратты (нақты деректер) алу және нәтижелерді сот дәлелдемесінің дербес түрі болып табылатын қорытынды нысанында рәсімдеу.

СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ (Принципы судебной экспертизы) - сот сараптамасы саласындағы жаңа білімді алу. Процесінде мақсатты жорамалдау мен құндылық-бағалау бағыт-бағдарын анықтайтын (басшылық) жетекші ережелер. Сот сараптамасы қағидаларының практикалық табиғаты мен белсенді-танымдық бағыты сот сараптамасы туралы ғылымның қағидалары бір мезгілде практикалық сараптама қызметінің қағидалары болып қызмет етеді. С.с.к. басты қағидалары материалдық іздер мен қоғамдық, жаратылыстану, техника ғылымдары жетістіктерінің қылмыстары туралы және ақпаратты сарапшылық зерттеудің ғылыми негіздерін жасау.

СОТ-САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІ (Судебно-экспертная деятельность) - арнаулы ғылыми білім-білік негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік процестің қатысушысы болып табылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында сот сараптамасын ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі қызмет.

СОТ-САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҚ ҚАҒИДАСЫ (Принцип законности судебной экспертной деятельности) — сот-сараптама қызметін жүзеге асыру барысында Конституцияның және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарының нақты сақталуы.

СОТ-САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІН ЛИЦЕНЗИЯЛАУ (Лицензирование судебной экспертной деятельности) — Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сот сараптамасын жүргізу құқығына арнайы рұқсат беру.

СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ МІНДЕТІ (Задача судебной экспертизы) — алғашқы мәліметтер ретінде сараптамаға берілген іс материалдарындағы әлеуетті дәлелдемелік ақпаратты өзекті дәлелдемелік ақпаратқа өзгертуге бағытталған сарапшылық қызмет объектісі.

СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ (Теория судебной экспертизы) — сарапшылық зерттеулер (сарапшылар қызметі), олардың мақсаты, осы зерттеулердің жекелей тектерінің, түрлерінің және түр тармақтарының құзыреті, сарапшылардың қолданатын әдістеріндегі сарапшылық зерттеудің заттары/ мен объектілері туралы білімдер жүйесі.

СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ - (Предмет судебной экспертизы) - арнайы ғылым танымдары негізінде және қылмыстық не азаматтық іс материалдарын зерттеумен анықталатын нақты деректер (фактілер, жағдаяттар).

Сараптама тақырыбы сарапшылық зерттеу объектісімен және тергеушінің (соттың) сұрақтарымен алдын ала анықталады.

СОТ САРАПТАМАСЫ ОРГАНДАРЫ (Органы судебной экспертизы) - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сараптама қызметін жүзеге асыру жөніндегі функциялар жүктелген мемлекеттік органдар.

СОТ САРАПТАМАСЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ (Независимость органов судебной экспертизы) - қылмыстық қудалауды жүзеге асыратып органдар құрылымынан сот сараптамасы органдарын бөлектеу.

СОТ-САРАПШЫЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-КРИМИНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ (Судебно-экспертное психолого-криминалистическое исследование) - адамның психофизиологиялық күйін өзгерту мақсатында оған әсер ету фактісін: өзіне белгілі әрекеттерді жасау сәтіндегі адамның күйін: әрекеттерді жасау процесі кезіндегі адамның психофизиологиялық күйінің өзгеру фактісін анықтайтын зерттеу.

СОТ САРАПШЫСЫ (Судебный эксперт) — сот, тергеуші, анықтаушының сараптама жүргізу үшін тартылатын істің нәтижесіне мүдделі емес, арнаулы ғылыми білім-білігі бар адам.

СОТ САРАПШЫСЫНЫҢ ІС ЖҮРГІЗУ ТӘУЕЛСІЗДІГІ (Процессуальная независимость судебного эксперта) — өзінің іс жүргізу функциясын іске асыру кезіндегі сарапшының дербестілігі, зерттеу және қорытындыны тұжырымдау барысында оның қызметіне араласуға тыйым салу.

СОТ САРАПТАМАЛАРЫН ЖІКТЕУ (Классификация судебных экспертиз) - ғылыми және практикалық мақсаттарға байланысты сараптамаларды бөлу. 1) білім салалары немесе ғылыми анықтамалар, оның мәнді үш белгісі бойынша – тақырыбы, объектісі, әдістемесі (топтары, тектері, түрлері және түр тармақтары); 2) оларды жүргізу кезінде пайдаланылатын білімдердің саны бойынша - біртекті және кешенді; 3) сараптама жүргізу тапсырылған адамдардың саны бойынша — жекелей және ұжымды (комиссиялық және кешенді); 4) зерттеу көлемі бойынша — негізгі және қосымша; 5) зерттеудің жүйелігі бойынша бастапқы және қайталама; 6) сараптама объектілерінің саны бойынша - аз объектілі және көп объектілі. Басқадай да жіктеу жүйелері болуы мүмкін.

СОТ САРАПШЫСЫНА БЕРІЛЕТІН ТАПСЫРМА (Задание судебному эксперту) - 1) тергеушінің және соттың мекеме басшыларына сараптаманы тапсыруы іс жүргізу мәні; 2) әдістер мен құралдардың көмегімен ізделетін фактілерді анықтау зерттеудің түпкі міндеті туралы гносеологиялық түсінік; 3) сараптаманы белгілі бір мерзімде, белгілі бір орында жүргізуді тапсыру ұйымдық мәні.

СОТ САРАПТАМАСЫ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМНЫҢ МІНДЕТТЕРІ (Задачи науки о судебной экспертизе) - сот сараптамаларының заңдылықтарын, әдістемелерін және ғылыми негіздерінің қалыптасу процесі мен дамуын оқып-зерттейтін, сондай-ақ олардың объектілерін зерттейтін заң ғылымының саласы. Оқып-зерттеу процесі түп негізгі ғылымдардан енгізілген және сараптық міндеттерді шешудің ғылыми әдіс-тәсілдер мен құралдардың жүйесіне ауыстырылған арнайы танымдар негізінде жүзеге асырылады.

СОТ САРАПТАМАСЫ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМНЫҢ САЛАСЫ (Области науки о судебной экспертизе) - қандай да бір сараптама тобын тегін жүргізудің теориялық және әдістемелік негізі болып қызмет ететін білімдер жүйесі. Өз алдына ғылым ретінде (мыс., криминалистика) пайда болу не көрінудің (мыс., сот психиатриясы) ерекше жағдайымен сипатталатын, сол заттарды зерттейтін ғылымның басқа салаларының тармақтары ретінде тікелей тергеу және сот практикасының қажеттілігінен туындайды.

СОТ ТАУАРТАНУ САРАПТАМАСЫ (Судебная товароведческая экспертиза) - халық тұтынатын тауарлардың, жартылай дайын өнімнің, ыдыстардың, орама заттардың белгілерін, қасиеттерін, тұтыну, сапаларын, стандартқа және техникалық жағдайларға сәйкестігін анықтау үшін тағайындалатын сараптама. С.т.с. зерттеу түрлері: азық-түлікке жатпайтын тауарларды сот-сарапшылық зерттеу, азық-түлік тауарларын сот-сарапшылық

зерттеу, сот-сарапшылық автотауартану зерттеуі, сот-сарапшылық құрылыс-тауартану зерттеуі.

СОТ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная технологическая экспертиза) – шикізаттың, материалдың немесе-жартылай дайын өнімдердің күйінің: қасиетінің және нысанының өңделу, дайындалу, өзгеру ерекшеліктерін зерттеу үшін тағайындалатын сараптама. С.т.с. зерттеу түрлері: сот-сарапшылық технологиялық зерттеу, компьютерлік технология құралдарын сот-сарапшылық зерттеу.

СОТ ТРАСОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная трасологическая экспертиза) - іздерді, із жасаушы және із қабылдаушы объектілерді зерттеу үшін тағайындалатын сараптама. С.т.с. түрлері: гомеоскопиялық, механоскопиялық, механомикалық, көліктік, жануарлар іздерінің сараптамасы.

СОТ ФОТОТЕХНИКАЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная фототехническая экспертиза) - фото- (кино-, бейне-) бейнелер бойынша фотосуреттерді (кино- және бейнефильмдерді), жергілікті учаскелерді, үй-жайлар мен заттарды, қалдырылған іздер бойынша негативтер мен позитивтерді әзірлеу кезінде пайдаланылған фото-, кино-, бейнеаппаратураларды, құрал-жабдықтар мен фотоматериалдарды ұқсастыруды анықтау үшін тағайындалатын сараптама.

СОТ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная экономическая экспертиза) — бухгалтерлік есеп берудегі қаржы құралдарымен байланысты операциялардың дұрыстығын; кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің жағдайын; салықтың және өзге де міндетті төлемдердің бюджетке аударылу дұрыстығын; несие беру ережелерінің сақталуын; шарт жасаудың мақсатқа сәйкестілігін анықтау үшін тағайындалатын сараптама. Зерттеу тақырыбына байланысты сот-экономикалық зерттеулердің түрлері: сот-сарапшылық бухгалтерлік зерттеу, сот-сарапшылық қаржы-несиелік зерттеу, сот-сарапшылық экономикалық-құқықтық зерттеу, сот-сарапшылық қаржы-бюджеттік зерттеу, шаруашылық операцияларына сот-сарапшылық зерттеу.

СОТ ЭЛЕКТРОТЕХНИКАЛЫҚ САРАПТАМА (Судебная электротехническая экспертиза) криминалистика деректеріне, сондай-ақ адамның практикалық қызметінде энергияны алу, қайта құру, пайдалану үшін электрлік және магниттік құбылыстарды қолданумен байланысты ғылым мен техникаға негізделген сарапшылық білім саласы.

СҰРАҚТЫ ШЕШУДІҢ МҮМКІНДІГІ ЖОҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ САРАПШЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМЫ (ҚОРЫТЫНДЫСЫ) (Вывод (заключение) эксперта о невозможности решения вопроса (отказ от решения вопроса) зерттеу әдістемесі жете зерттелмегендіктен, сараптама объектілерінің толық еместігінен және т.б. мәселелерге байланысты сұрақты шешудің мүмкіндігі жоқтығы туралы сарапшының тұжырымы (қорытындысы).

СӘЙКЕСТЕНДІРУ (Идентификация; лат. Identificare - бірдей, тепе-тең, сәйкес, сол заттың өзі материалдық) - дүние объектілерін салыстыра отырып сәйкестендіру. Тенестіріп-салыстыру және сәйкестендіру арқылы белгілі бір іздеген объектіні табу. С - тергеу және сараптама зерттеуін жүргізгенде қолданылатын ерекше тәсілдердің бірі.

ТЕРГЕУ ЧЕМОДАНЫ (Следственный чемодан) - әр түрлі іздермен жұмыс жасауға арналаған чемодан, сөмке, портфель түріндегі жабдық. Көбінде тергеу әрекеттерін жүргізуде қолданылатын іздерді іздеу, алу және бекітуге негізделген криминалистік құрал-жабдықтар. Т.ч. төрт бөлімнен тұрады 1/фотобөлім; 2/жоспар құру бөлімі; 3/ іздер бойыппа жұмыс жасау бөлімі; 4/көмекші техникалық құралдар бөлімі. Т. ч-да: дактилоұнтақ, доктилоскопиялық пленка, білік, полиграфиялық бояулар, таблетка, пластилин, планшет, гипс, компос, қарандаш, өшіргіш т.б. болады.

ТАКТИКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯ (Тактическая операция) —тергеушінің жедел-тергеу шараларын жүргізу әрекеттерінен басқада - ревизиялық - бақылау органдарының тексеруінен, аудиторлық ұйымдармен басқада қызмет әрекеттерін жүргізуден тұратын

күрделі тактикалық жиынтық болып табылады. Т.о. қылмыстық іс қозғалмай тұрып алдын ала тергеу сатысында жүргізілуі мүмкін.

ТЕРГЕУШІНІҢ ЖҮРГІЗЕТІН ҰЙЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРГЕУ ШАРАЛАРЫ (Организационно-технические мероприятия следователя) —тергеу үстінде тергеуші қылмыстық істер жүргізу заңында көрсетілмеген бірақта қылмысты ашуға, тергеуді пәрменді және ұйымды түрде жүргізуге керекті жұмыстар жасайды. Атап айтқанда тергеу үстінде мына төменгі заңда көрсетілмеген қосалқы жұмыстар атқарылады: криминалистік құрал саймандардың жағдайы тексеріледі, істегі материалдармен толық танысып, олар белгілі бір жүйеге келтіріледі, кейбір арнайы білім қажет ететін тергеу үстінде туындаған сұрақтарды дұрыс түсіну үшін арнайы справочниктерді оқып, инструкциялармен танысып, мамандардан ауызша кеңес алады, тергеу әрекеттерін жүргізу алдында арнайы дайындық жұмыстарын жасайды. Мысалы, оқиға болған жерді өзі келгенше сол қалыпта сақтап қалу үшін белгілі бір шаралар қолданады. Тінту жүргізгенде объект жөнінде алдын- ала керекті мәліметтер жинайды т.б.

ТЕРГЕУШІНІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАПСЫРМА-НҰСҚАУЛАРЫ (Отдельное поручение следователя)—өзінің әкімшілік территориясынан тыс жерде белгілі бір тергеу әрекеттерін, атап айтқанда жауап алуда, танытуға объектіні көрсетуге тура келетін жағдайда тергеуші сол аймақтағы өзінің әріптесі- тергеушіге осы тергеу әрекеттерді жүргізуі жөнінде тапсырыма нұсқау береді. Мұндай тапсырма-нұсқауды тергеуші қылмыстық істің мән-жайын баяндай келіп, нақтылы мәселелерді тергеу жүргізу үстінде анықтау керектігін көрсетуі тиіс. Егер тапсырылған тергеу әрекетін жүргізу үшін заңда көрсетілген тәртіп бойынша қаулы шығару қажет болса, тергеуші тапсырма-нұсқаумен бірге осындай қаулыны да жіберуі керек, сараптама жүргізуден бас тарту—егер: керекті жабдықтардың, материалдардың жеткіліксіз болуына байланысты сараптама жүргізуге мүмкіндік болмаса, сараптамалық мекеменің бастығы сараптама тағайындаған органға осы жөнінде хабарлап, сараптамаға жіберілген бар объектілерді осы органның өзіне қайтарады.

ТЕРГЕУ ҚАРАУЫ (Следственный осмотр) —іске қатынасы бар объектілерді іздерді айғақ заттарды, іздеп тауып, олардың қасиеттерін зерттеп және қылмыстың болу жағдайын анықтау үшін жүргізілетін тергеу әрекеті. Қаралатын объектінің ерекшелігіне байланысты тергеу қарауының мына төменгідей түрлері бар: оқиға болған жерді қарау, құжаттарды және заттарды қарау, өлікті қарау, үй-жайды қарау, көлікті қарау т.б. Әр объектіні қараудың өзіндік тактикалық ерекшеліктері бар. Сонымен қатар объектілерді қараудың жалпы тактикалық және процессуалдық қағидалары бар. Қылмыстық іс жүргізу заңына байланысты қандай объект қаралсада, міндетті түрде қарауға куәгерлердің қатысуы керек. Тергеуші қарауға айыпкерді, сезікті адамды, жәбірленушіні, куәні қатыстыра алады. Қарау үстінде арнайы білім қолдану қажет болған жағдайда тергеуші бұл тергеу әрекетіне арнайы білімі бар мамандарды қатыстырады. Қараудың қорытындысы арнайы құжатта /хаттамада/ бекітіліп жазылады. Қаралған объектілері фотосуретке түсіріледі, схемаларда көрсетіледі. Қарау сот мәжілісі үстінде жүргізіледі. Мұндай қараудың тергеу қарауынан көп айырмашылығы жоқ. Сот қарауын сот құрамы толық қатынасып жүргізеді. Қараудың қорытындысы сот мәжілісінің хаттамасында көрсетіліп бекітіледі.

ТЕКСЕРІП ШЫҒУ (Обход)—қылмыскерлердің белгілі бір жерде болуы мүмкін деген мәліметтер бойынша осы жерді сүзіп, тексеріп шығуға бағытталған тактикалық әдіс.

ТІНТУ (Обыск) —үй-жайды, қора не біреудің меншігіндегі жерді еріксіз түрде қарап тексеру арқылы айғақты заттарды, тығылып қалған қылмыскерді тауып алу үшін жүргізілетін тергеу әрекеті. Айғақты заттардың осы жерде немесе бір адамның қолында болуы мүмкін деген деректер тінту жүргізуге негіз бола алады. Тінту жеке азаматтардың заңда көрсетілген құқығын бұзумен ұштасатын болғандықтан, ол прокурордың немесе оның орынбасарының санкциясымен ғана жүргізіледі, тінтілетін объектілерге байланысты тінтудің мынандай түрлері бар: жеке адамды тінту, тұрғын немесе мекеме үйін тінту,

көлікті тінту, саяжай, қора-қопсыны тінту. Бұл объектілерді тінту ерекшеліктеріне байланысты оларды тінту үстінде қолданатын арнайы криминалистік тәсілдер бар. Бұл тәсілдер тінтуге дайындық үстінде және тінту жүргізілгенде қолданылады. Азаматтың ақы талабын, сондай-ақ мүлікті конфискелеу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатымен тінту үстінде табылған мүлікті хаттап оған арест салынады.

ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІНІҢ ТАКТИКАСЫ (Тактика следственного действия) - тергеу ситуациясы, қылмыстық іске қатысушылардың жеке басы және тергеу әрекетін жүргізу жағдайларымен байланысты ұтымды әдіс-тәсілдердің жиынтығы.

ТЕРГЕУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ (Организация расследования) — қылмысты ашуға, тергеуге және де қылмыстың алдын алуға байланысты жасалатын әртүрлі деңгейдегі жұмыстардың жинағына сипат беретін түсінік. Бұл жұмыстар төрт түрлі деңгейде жасалады. Ең жоғары бірінші деңгей - тергеудің алдында тұрған мақсаттарға жету үшін тергеу үстінде қолданылатын шараларды белгілі бір тәртіпке келтіріп, сол арқылы оның элементтерінің нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Тергеу жұмыстарын ұйымдастырып жүргізудің ең бір жалпы деңгейі, криминалистік және процессуалдық жүйенің элементтерінің бір бағытта және бір мақсатты жұмыс істеуімен байланысты. Т. ж. ұ бұл деңгейі, анықтама жүргізуші және алдын ала тергеу жүргізуші органдардың қылмысты тергеуге байланысты жүргізілетін арнайы жұмыстарының түрлері. Т. ж. ұ. екінші деңгейі, тергеу органдарының құрамының неғұрлым ықшамды болып, оның жеке жүйелерін басқаруға ыңғайлы болып, тергеуде қолданылатын криминалистік тәсілдер мен құрал саймандар керекті нәтиже беруіне бағытталған әртүрлі шаралар жинағы. Бұл деңгейдің негізгі мақсаты қылмысты тергеуге байланысты жүргізілетін жұмыстарды басқару. Т. ж. ұ. үшінші деңгейі тергеуде туындаған нақтылы ситуациялық жағдайды ескере отырып, криминалистік әдістеменің ұсыныстарын нәтижелі және ұтымды пайдалану үшін жүргізілетін ұйымдық шаралардың жиынтығы. Т. ж. ұ. төртінші деңгейі – тергеу үстінде туындаған ситуациялық жағдайға байланысты осы іс бойынша керекті тергеу әрекеттерін, ұйымдық және техникалық жұмыстарды дұрыс белгілеп алып, оларды жүргізуге қолайлы тактикалық әдістерді пайдалануға бағытталған шаралардың жиынтығы.

ТАКТИКАЛЫҚ КОМБИНАЦИЯ (Тактическая комбинация) - бір жағдайды анықтауға немесе криминалистік бір мәселені шешуге бағытталады. Т.к. бір тергеу әрекетін жүргізгенде, шешілетін сұрақты анықтауға тактикалық тәсілдердің бірнеше түрі бірдей арнайы бір кезектілікпен қолданылады. Тактикалық әдістердің олардың комбинациясының қолданылуы тергеу ситуациясына байланысты.

ТЕҢЕСТІРУ, ТЕҢЕУ (Сравнение)—криминалистік идентификациялық зерттеуде кеңінен қолданылатын таным әдісі, әртүрлі объектілердің жалпы және жеке белгілері салыстырылады. Мыс: оқиға болған жерден алынған қолдың ізі мен сезіктінің қолының ізі салыстырылады. Мәйіттің денесінен табылған оқ пен сезіктіден алынған тапаншадан атылған оқты салыстырады.

ТЕРГЕУШІНІҢ ІЗДЕСТІРУ ӘРЕКЕТІ (Розыскные действия следователя)—тергеушінің айыпкерді іздестіруге, заттай дәлелдеме алуға, жәбірленуші мен куәні және мәйіттің жеке басын анықтауға бағытталған процессуалды және процессуалды емес әрекеті.

ТҮЙІНДІ ТҮСІРУ (Узловая съемка) — тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қылмыстың шоғырланған, барынша іске қажетті учаскелерін үлкейтіп түсіру. Мыс: Ұрлықты тергеу ісі бойынша о.б.ж. қарауда қылмыскердің бұзып кірген есік немесе терезесі түйінді болады.

ТЕРГЕУДІҢ КЕЙІНГІ КЕЗЕҢІ (Последующий этап расследования)—тергеу процессін кезеңге болу қалыптасқан. Тергеудің кейінгі кезеңі мәселесі алғашқы кезең нәтижесімен анықталады. Тергеудің бұл кезеңінде ұсталған адамдардың қылмысын әшкерлеу немесе қылмыскерді іздестіру үшін қосымша мәліметтер жиналуы мүмкін. Т.к.к. негізінен жан-жақты әрі толық дәлелдеме алуға бағытталады.

ТЕРГЕУДІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ (Первоначальный этап расследования) - криминалистикада тергеу процесі бірнеше кезеңдерге бөлініп қарастырылады. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін тергеудің алғашқы кезеңі: қылмыстың жасалу жағдайы туралы болжау құрудан және сол болжауды тексеру үшін бастапқы жоспар құру шараларынан тұрады.

ТЫҒЫН (Пыж) — криминалистік баллистиканың зерттеу объектісі болып табылатын аңшы қаруына арналған патронның құрама бөлігі.

ТАЗАРТУ (Подчистка) - құжатты жартылай қолдан жасау әдісі. Жазбаларды өшіру немесе өткір заттармен қыру арқылы жасалады. Т. белгілері қағаз талшықтарының тікіренісі, қағаз қабығының жұқаруы, сызықтар бояуының қалдықтары, қорғау торының, типографиялық шиновканың бұзылуы және т.б.

ТАКТИКАЛЫҚ ШЕШІМ (Тактическое решение) - тергеу ситуациясын талдауға, қылмыстың криминалистік сипаттамасын, тактикалық және технико-криминалистік ұсынымдарды білуге, сондай-ақ тергеудің жеке тәжірибесіне және ішкі сенімге негізделген ерікті және интеллектуалды акт болып табылады.

ТРАСОЛОГИЯ- к.т.қ.

ТОЛЫҚ ҚОЛДАН ЖАСАУ (Подделка полная) - құжаттарды технико-криминалистік зерттеуде қылмыскердің құжатты тұтастай жасауы түсініледі. Құжаттарды т.к. ж-дың тәсілдері әртүрлі. Нақты тәсілді қолдану қылмыскердің жаттығуына және мүмкіндіктеріне байланысты.

ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІНДЕГІ СИТУАЦИЯ (Следственная ситуация расследования) — тергеудің әртүрлі кезеңдерінде жүзеге асырылатын аппараттар. Тергеу ситуациялары алғашқы, кейінгі, қорытынды, типтік, нақты, қайшылықты, қайшылықсыз, анықталған, анықталмаған, көзге көрінетін, көзге көрінбейтін және т.б. болуы мүмкін.

ТАНЫТУҒА ТҮСІРУ ӘДІСІ (Опознавательная /сигналитическая/фотосъемка) — таныту мақсатымен фотоға түсіру-адамды не өлікті идентификациялау, не қылмыстық тіркеуге алу үшін, сонымен қатар қылмыскерге іздеу салу мақсатымен фотосуретке түсірудің тәсілі. Бұл тәсілді алғашқы рет қолдануға ұсынған А.Бертильон. Оның тәсілі бойынша танытуға көрсетілетін адам бетпе - бет, оң жақ қырынан (фас, профиль), жартылай қырынан отырғызылады, беліне дейін, не түрегеліп тұрған күйінде, қатынастағы масштабмен түсіріледі. Шашы құлағын, маңдайын жаппай, құлағы ашық болып, ондағы бар белгілер анық көрініп тұруы тиіс. Негативке және позитивке/фотосуретке/ рентуш арқылы өзгертулер енгізуге болмайды. Бұл тәсілдер және суретке түсіру тәртібіне осы кезге дейін көп өзгерістер енгізілмеген. Осы күнде қолданылып жүрген тәсіл бойынша адам суретке тура бет жағынан және оң жақ қырынан түсіріледі. Өлік табылған жерінде оқиға болған жерде үстінен, сонымен қатар оң және сол жағынан фотосуретке түсіріледі. Өлікті танытауға көрсету үшін, оның бет бейнесін кісі таныттындай, адам көретіндей жағдайға жеткізу үшін сот медицина саласы мамандығы бар эксперт тергеушінің нұсқауы бойынша арнайы реставрациялық жұмыстар мәйітті жерлеу жүргізеді.

ТАНЫТУ (Опознание)—қылмысқа байланысты көрген объектіні ойда сақталған бейнесі бойынша көрсетіп, ұсынылған объектінің нақты сол объект екендігін, не ұқсастығын анықтау үшін жүргізілетін тергеу әрекеті. Танытуға көрсетілетін объектілер: кісілер, өлік, мал, заттар, құжаттар, ашық алаң, пәтер/бөлме және т.б. Адамдардың кім екенін таныту оның сыртқы бейнесі, пішіні, дауысы, жүрісі және басқа да функционалдық анатомиялық белгілері бойынша жүргізіледі. Танытуға объектінің өзі көрсетіледі, кей жағдайда оның фотосуреті көрсетіледі. Танытуға объектіні көрсетер алдында танушыдан жауап алынып, одан объектіні қандай белгілері бойынша танытындығын және ол объектіні қандай жағдайда көргендігі сұралады. Танытуға тиісті объект өзі тектес, кем дегенде үш объектімен бірге көрсетіледі. Өлік танытуға жеке

көрсетіледі. Танытудың барысы және қорытындысы хаттамаға жазылып бектіледі. Ол іс бойынша дәлелдеме есебінде пайдаланылады.

ТАКТИКАЛЫҚ ӘДІС (Тактический прием) - криминалистік тактиканың орталық түсінігі. Тергеу міндеттерінің шешімін тиісті қамтамасыз ететін немесе тергеу әрекеттерін рационалды жүргізуге мүмкіндік беретін тергеушінің, анықтаушының жүріс-тұрыс жағдайын немесе әрекет әдісін білдіреді. Т. ә. заң талаптарына, этика және өнеге нормаларына сәйкес келуі керек. Тактикалық әдістер әртүрлі негіздер бойынша топтастырылады. Мыс.: Шешетін міндетіне байланысты танымдық, ұйымдастыру-техникалық, басқарушылық және т.б.

ТИПТІК БОЛЖАМДАР (Типовые версии) - типтік тергеу ситуацияларының негізінде және соның есебімен құрылады. Т.б. оқиғаға жалпы түсінік береді, олар тек бар ақпараттың негізінде шығарылмай, сондай-ақ тергеуші тәжірибесінің, криминалистік ұйымдастырудың, жалпыланған тергеу тәжірибесінің негізінде қабылданады. Т.б. тергеудің кезеңінде ұйымдастыруға көмектеседі.

ТЕКСЕРУ ӘРЕКЕТТЕРІ (Проверочные действия) - кейде қылмыстық істі қозғаудан бұрын тексеру әрекеттері, іс жүргізуге дейінгі сипаттағы шаралар жүреді. Олар: ревизия, аудит, инвентаризация жүргізу, түсініктеме алу, сараптама зерттеулерін жүргізу және т.б.

ТАҚАП АТУ (Выстрел в упор) — баллистикада оқ атылған объектінің ату қаруы ұңғысы мен түйісу кезіндегі атылатын қарудан болған ату.

ТЕГІС ҰҢҒЫЛЫ ҚАРУ (Гладкоствольное оружие) - ұңғының қабырғаларында екі кесенді із жоқ тегіс болатын қару.

ГРАФОЛОГИЯ (грек, dzapho - жазу, lodos — сөз, әріп жазу туралы ілім) жазуы арқылы адам мінезін анықтау.

УЛАНУ (Отравление)—уландырғыш заттардың әсерінен уланып өлу, не денсаулыққа осылардың әсерінен зақым келуі. Криминалистикада улану криминалды іс-әрекет есебінде қаралады.

ҮСТІНЕН ЖИЕКТЕП ЖАЗУ (Обводка) - алғашқыда жазылған қол жазудың әріптерінің штрихтарының үстінен конфигурациялық қайталап басып жазу арқылы астындағы қағазға әріптердің таңбасын түсіру. Осындай тәсілді қолданып жазылған жалған жазулар құжаттарды технико-криминалистік зерттеу объектісіне жатады. Механикалық, химиялық және басқада қасақана жасаған әрекеттер арқылы адамның бетінің көркін кетіретін түпкілікті жойылмайтын таңба түсіру.

ҰҚСАСТЫҚ, ТЕПЕ-ТЕҢДІК (Идентичность (тождество) - объектіде қайталанбайтын тұрақты белгілер жиынтығының, оны басқалардан, соның ішінде өзіне ұқсас объектілерден айыратын белгілердің бар болуы, сонымен бірге осы объектіні дараландыратын және әртүрлі уақыт сәттерінде, әртүрлі жағдайда оны танып-білуге мүмкіндік беретін белгілердің жиынтығы.

ҰЙПАЛАНҒАН ҚАҒАЗ ТАЛШЫҚТАРЫ (Взъерошенность волокон бумаги) тазартып өзгерту сияқты, жартылай өзгертудің тәсілдерін сипаттайтын белгілердің бірі.

ФОНОСКОПИЯ- к.к. фоноскопия.

ФОТОГРАФИЯ- к.к. фотокопия.

ФИКЦИЯ (лат. fictio - жалған, ойдан шығырылған) өтірік, жалған, жоқ нәрсені шын етіп көрсетіп қолдану. Мыс.: жалған құжат, жалған авто, өтірік, жалған алиби.

ХАБАРДАР ТҮЛҒА (Сведущее лицо) - тергеушінің (соттың) шақыруымен қылмыстық (азаматтық) процеске маман не сарапшы ретінде қатысушы, сондай-ақ ақыл-кеңес беруші немесе іс бойынша қасиеттік не қадағалау өндірісі кезеңінде анықтамалық қызметті жүзеге асыратын арнайы білім білігі бар адам.

ХАБАР-ОШАРСЫЗ КЕТКЕН АДАМ (Без вести пропавшее лицо) — азаматтардың жоғалып, із-түссіз кетуі. Шағым-арыз түскен жағдайда, оларға арнайы карточка жасалып, криминалист тіркеуге алынады. Тіркеуге алу алдында міндетті түрде

адамның түр бейнесін суреттейтін барлық белгілері жөніндегі мәліметтер алынады. Танылмаған мәйіттер тіркеу бойынша тексеріледі.

ШОЛЫП ТҮСІРУ (Обзорная фотосъемка) — қоршаған органы қамтымай, тек о.б.ж. толық түсіру әдісі. Оқиғаның қандай күй-жайда болғандығын көрсету мақсатында түсіріледі. Қараудың басты объектілері /мәйіт, бұзылған қойма, ұй, соғысқан машиналар және т.б./ шолып түсіруде объект барынша айқын болуы қажет.

ШОЛАҚ МЫЛТЫҚ (Обрез)— мылтықтың оқпанын, не дүмін кесіп қысқарту арқылы жасалған ату құралы.

ШЕҢБЕРЛІ ПАНОРАМАЛЫҚ ӘДІС (Панорамная круговая съемка) - бір нүктеде /орында/ тұрып кеңістікті, айналаны бөлшектеп түсіру.

ШТАНЦМАРКА— тақап ату кезінде пайда болатын із. Баллистикада ату қаруының аузынан шыққан із - ол киімде, адам денесінде, теріде, аяқ киімдерде және т.б. қалады. Оқ-дәрілік газдың әсерінен тері крест тәріздес немесе жұлдыз тәріздес болып жыртылады, ал кейде кіретін тесіктің жанын жалап өтеді. Бұл жағдайда оның диаметрі оқтың калибрінен бірнеше жоғары болады. Тақап атқанда оқ - дәрілік газдың кері қайту әсерінен ату құралының ішіне тері, сүйек сондай-ақ қан және ми бөлшектері кіруі мүмкін.

ШҮП—құпия жасырын орынды іздеуде қолданатын ғылыми-техникалық құрал.

ШЫҒУ КӨЗІН АНЫҚТАУ (Установление источника происхождения) - зерттелетін объектінің тектік (топтық) қатыстылығын немесе ұқсастығын (бірдейлігін) анықтау жолымен шешілетін міндеттердің бірі. Объектінің орнын, уақытын және басқа да дайындалу жағдайын, жинақталуын, сақталуын не пайдалануын анықтау процесінен тұрады.

ШАҢ СОРҒЫШ (Пылесос) - микробөлшектерді алу және бекіту үшін қолданатын фильтрлі құрал-жабдық.

ІЗ ЖЕТКІЗУШІ ОБЪЕКТ (Следоноситель) —із табылған барлық объектілер және субъектілер.

ІЗ (След) — криминалистикада іздер деген түсінік екі мағынада қолданылады. Тар мағынада "із" деп бір объектінің таңбасы, келбеті айтылады (қолдың, аяқтың, тістің ізі т.е.с.) Кең мағынада қылмыстың ізі - деген ұғымға оқиға болған жерде қалған жеке заттар, қираған, сынған нәрселер және қылмысқа байланысты айналада болған өзгерістердің бәрі жатады. Іздерді криминалистік зерттеуде трасология, баллистика, химия, физика, биология және т.б. салалардағы арнайы білімді қолданады.

ІЛМЕК ТӘРІЗДЕС ӨРНЕК (Петлевой узор) — қол саусақтарындағы папиллярлы өрнектің бір түрі. І.т. өрнектің саусақ орталығындағы папиллярлы сызықтары бас бармаққа немесе кішкене саусаққа қарай бағытталады. Бас бармаққа қарай бағытталса радиалды, ал кішкентай саусаққа қарай бағытталса ульнарлы деп аталады. І.т. өрнекте бір дельта болады.

ІЗДІҢ ПАЙДА БОЛУ МЕХАНИЗМІ (Механизм слеодообразования) - іздердің кескіні қалу процесі. Бұл процестің элементтері болып, із қалыптастыратып объектілер - қалыптастырушы объект пен із қабылдаушы объект, із қалған зат, олардың бір-бірімен өзара әрекеттестігінің нәтижесі - із байланысы, табылады.

ІЗДІҢ АҚПАРАТТЫЛЫҒЫ (Информативность следа) - іздің із қалыптастырушы объектідегі және із қалыптастыру механизмі туралы өзіндегі ақпараттық мәліметтерді сақтау және жеткізу қабілеті.

ІС МАТЕРИАЛДАРЫ (Материалы дела) — жинақталған, бір жүйеге келтірілген және қылмыстық (азаматтық) іс мазмұны бар тергеу мен сот әрекеттерінің хаттамалары, өкімдік іс жүргізу актілері және басқа да құжаттар. іске тіркелген айғақтық заттар, үлгілер, салыстыруға арналған басқа да материалдар; тергеу және сот әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін көрсететін құжаттар, хаттамалар мен олардың қосымшалары, іс жүргізу актілері. Сарапшыға оның алдына қойылған сұрақтарды шешу үшін қажетті нақты алғашқы мәліметтері бар іс материалдары танысуға ұсынылады.

ІЗ БЕЙНЕЛЕУ (След отображение) - мұнда "із" тар мағынада қолданып, яғни объектінің сыртқы құрылысын бейнелентін іздер түсініледі. Бұл іздер трасологиямен зерттеледі. Із бейнелеулер пайда болғанда із қабылдаушы және із құрушы екі объект өзара әрекет етеді. Осы объектілердің 32 қасиеттеріне, шарттарына байланысты трасологияда топтастыру беріледі.

ЭКСПЕРТТІК ҚАРАУ (Экспертный осмотр) эксперттік зерттеудің бірінші кезеді. Бұл кезеңде зерттеуге түскен объектілердің жалпы жағдайы, жалпы қаралады, сонымен қатар объектінің сырттай көзге көрінетін белгілері анықталады. Бұл кезеңді кейде эксперттік зерттеудің дайындық кезеңі деп те айтуға болады.

ЭКСПЕРТТІК ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІЛЕРІ (Объекты экспертного исследования) — материалды объектілер, эксперттің алдында тұрған міндеттерді шешуге қажет мәліметтердің /информацияның/ мазмұны: айғақтық заттар, өлік, оқиға болған жердің жағдайы, салыстырып зерттелуге керекті үлгілер; басқа да материалдар, істегі материалдар, Э.З.О. төменгі белгілер бойынша классификацияланады: а) маңыздылығы бойынша (мәнді, мәнсіз, елеулі, елеусіз), б) тану процесі үстіндегі маңызы (дифференциалдаушы, идентификациялық, идентификациядаушы) в) пайда болуы(тегі) заңды және кездейсоқ, д) сақталу уақыты (тұрақты, тұрақсыз); е) сипаты (сандық және сапалық); ж) басқа белгілермен байланысы (тәуелді, тәуелсіз): з) осында белгілердің бар объектілердің саны бойынша (тектік, топтық, индивидуалдық) и) объектіге не оның бөлшегіне қатынасы (жалпы және жеке).

ЭКСПЕРТИЗА (Предмет экспертизы)—қылмыстық немесе азаматтық іс бойынша материалдарды зерттеу арқылы және арнайы таным негізінде анықталатын фактілі мәліметтер. Экспертизаның нақты заты тергеуші немесе соттың сараптама тағайындау кезінде эксперттің алдына қойған мәселері негізінде шешіледі.

ЭДЖЕСКОПИЯ (ағыл. edge – шеті, шекара және грек, skopeo - қараймын, зерттеймін) —адамды идентификациялау мақсатында папиллярлы сызық пен саңылаудың шетіндегі кедір-бұдырлықты (тегіс еместікті) пайдалану мүмкіндігін зерттейтін дактилоскопияның бір бөлімі.

ЭКСПЕРТТІК ЭВРИСТИКА (Эвристика экспертная; грек, heurisko - іздеймін, ашамын) —эксперттік әдістемеле көрсетілмеген стандартты емес мәселені эксперттік зерттеу кезеңінде эксперттің өзі зерттеп (табатын) шешетін әдіс.

ЭКСПЕРИМЕНТТІ ҮЛГІЛЕР (Экспериментальные образцы) - объектінің белгілерін көрсететін, теңдестіруге жатқызылатын, объектінің өзінен шығатын теңдестірілуші объектілер.